Құжат «Самұрық-Қазына» АҚ сатып алу веб-порталымен құрылған
Документ сформирован веб-порталом закупок АО «Самрук-Қазына»

Тауарларды сатып алу жөнінде шарт №_____

_____қ. «__»_____2026 ж.

"Үлбі металлургиялық зауыты" АҚ, Бұдан әрі «Тапсырыс беруші» деп аталатын, _____ _____ негізінде әрекет ететін _____, атынан, бір жағынан, және _____ бұдан әрі «Өнім беруші» деп аталатын, _____ _____ негізінде әрекет ететін _____, , екінші тараптан бірлесіп «Тараптар», ал жоғарыда көрсетілгендей жеке-жеке «Тарап» деп аталатындар «Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» акционерлік қоғамының және дауыс беретін акцияларының (қатысу үлестерінің) елу және одан да көп пайызы меншік немесе сенімгерлік басқару құқығымен «Самұрық-Қазына» АҚ-ға тікелей немесе жанама тиесілі заңды тұлғалардың сатып алуларын жүзеге асыру тәртібіне (бұдан әрі – Тәртіп) сәйкес және _____ _____ негізінде осы тауарларды сатып алу туралы шартты (бұдан әрі – Шарт) жасасты және төмендегілер туралы келісімге келді. Өнім беруші осы Шартқа қол қоя отырып: • заңнамаға сәйкес құрылған және әрекет ететін кәсіпкерлік субъектісі екендігін; • осы Шартқа қол қою үшін қандай да бір шектеулер, тыйым салулардың жоқ екендігін; • осы Шартқа қол қоймас бұрын өзінің барлық кәсіпкерлік тәуекелдерін бағалап, сәйкестендіргенін; • осы Шарттың орындалуына әсер ететін Тәртіппен танысты және Тәртіп нормаларымен келісетінін растайды.

1. Шарттың мәні

1.1. Өнім беруші тауарларды Шартта (бұдан әрі - Тауар) көрсетілген бағалар, параметрлер және басқа да шарттар бойынша Тапсырыс берушінің меншігіне жеткізуге және беруге міндеттенеді, ал Тапсырыс беруші Өнім беруші Шарт бойынша өз міндеттемелерін тиісінше орындаған жағдайда Тауарды осы Шарттың талаптарымен қабылдауға және төлеуге міндеттенеді.

1.2. 1.2 Осы шарт бойынша жеткізілетін тауар жаңа, қолданылмаған болуы тиіс

1.3. Төменде көрсетілген құжаттар мен оларда айтылған шарттар осы Шартты құрайды және оның ажырамас бөлігі болып табылады, атап айтқанда:

1.3.1. Шарт.

1.3.2. Сатып алынатын Тауарлардың, жұмыстардың және қызметтердің тізбесі (№ 1-Қосымша).

1.3.3. Техникалық ерекшелік (№ 2-Қосымша).

1.3.4. Тауарларды жеткізуге арналған шарттағы елішілік құндылықтың үлесінің болжамды/нақты есебі (№ 3-Қосымша)

1.3.5. Контрагент сауалнамасы (Өнім беруші электрондық форматта немесе қағаз нұсқада ұсынады) (№ 4-Қосымша).

1.3.6. ESG анкета-сауалнамасының нысаны (Өнім беруші электрондық форматта немесе қағаз нұсқада ұсынады) (№ 5-Қосымша);

1.3.7. «ҮМЗ» АҚ күзетілетін аумағына рұқсатсыз енгізуге (әкелуге) тыйым салынған заттар мен нәрселердің тізбесі (№ 6-Қосымша).

1.3.8. Бейрезиденттермен жасалатын шарттар үшін Санкциялық шектеулерге сәйкестік кепілдіктері (№ 6-Қосымша).

2. Шарт сомасы және төлем шарттары

2.1. Осы Шарттың жалпы сомасы _____ (_____) _____ құрайды және Шарттың талаптарын тиісінше орындау үшін қажетті барлық шығыстарды қамтиды, және Шарт пен Тәртіпте көзделген жағдайларды қоспағанда, Тараптар осы Шарт бойынша өз міндеттемелерін толық орындағанға дейін өзгертуге жатпайды.

2.2. Шарт бойынша төлем түрлерінің жалпы арақатынасы Шартқа № 1 қосымшада көрсетілген.

2.3. Шарт бойынша ақы төлеу:

2.3.1. Егер шартпен Тауарды жеткізгеннен кейін төлем көзделсе Осы Шарт бойынша Тауарды жеткізген соң Тапсырыс беруші Шарттың талаптарына сәйкес нақты жеткізілген Тауар үшін төлем жүргізеді.

2.4. Егер төлем Тауар жеткізілгеннен кейін болса Жеткізілген Тауарлар үшін ақы төлеу, оның ішінде Шарт бойынша түпкілікті есеп айырысу Тараптар жеткізілген Тауарлар актісіне (актілеріне) (бұдан әрі - Қабылдап алу-тапсыру актілері) қол қойған және келесі құжатты (құжаттарды) ұсынған күннен бастап күнтізбелік 30 (отыз) күннен кешіктірілмейтін мерзімде жүргізіледі:

2.4.1. Шарт шеңберінде жеткізілген Тауарлардағы елішілік құндылық үлесінің есебі электронды құжат нысанында (электронды сатып алуды жүргізуді қамтамасыз ететін «Самұрық-Қазына» АҚ ақпараттық жүйесінде ұсынылады (бұдан әрі - Жүйе).

2.4.2. Қазақстан Республикасының резиденттері үшін және шарт бойынша жалпы сомасы 1000 АЕК жоғары ҚҚС төлеушілері /ҚҚС төлемеушілер үшін Қазақстан Республикасының салық заңнамасының талаптарына сәйкес жазылған шот-фактура.

2.4.3. Қазақстан Республикасының резиденттері үшін шарт бойынша жалпы сомасы 1000 АЕК дейін ҚҚС төлемеушілер үшін

Осы құжат Қазақстан Республикасы Цифрлық кодексінің 62 бабының 2 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей
Данный документ согласно пункту 2 статьи 62 Цифрового кодекса Республики Казахстан равнозначен документу на бумажном носителе

Шоттар/шот-проформалар.

2.4.4. Қорларды шетке беруге арналған жүккұжат (Жүйедегі электронды көшірме және түпнұсқа);

2.4.5. Дайындаушы зауыттың паспорты немесе сапа сертификаты;

2.4.6. Шарттың № 2-Қосымшасына сәйкес басқа құжаттар.

2.4.7. Егер шарт сатып алынатын Тауардың тауар өндірушісімен (қазақстандық тауар өндірушілердің тізілімінде тұрған тауар өндіретін өнім беруші) жасалса Өнеркәсіпті мемлекеттік ынталандыру саласындағы уәкілетті орган бекіткен Қазақстандық тауар өндірушілер тізілімін жүргізу қағидаларына сәйкес қалыптастырылған қазақстандық тауар өндірушілер тізілімінен үзінді көшірме (көшірмелер).

2.4.8. Бейрезиденттермен жасалған шарттар үшін 2.4.2 Тиеп-жөнелтілетін Тауарға келесі құжаттардың түпнұсқалары қамтамасыз

2.4.8.1. Өнім беруші мемлекетінің_____ (мемлекетті көрсету) салық заңнамасы талабының есебімен ресімделген шот -фактура;

2.4.8.2. Тауар-көлік жүккұжаты (CMR);

2.4.8.3. Тауар жүккұжаты;

2.4.8.4. Дайындаушы зауыттың паспорты немесе сапа сертификаты (тауардың әр партиясын жеткізу кезінде);

2.4.8.5. Егер Тауар автомобиль көлігімен жеткізілген жағдайдакелесілерді қосу қажет Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитеті Шекара қызметінің аумақтық бөлімшелері берген мемлекеттік бақылаудан өту туралы талон.

2.5. Егер шарт сатып алынатын Тауардың тауар өндірушісімен (қазақстандық тауар өндірушілердің тізілімінде тұрған тауар өндіретін өнім беруші) жасалса Жеткізілген тауарлар үшін ақы төлеу, оның ішінде Шарт бойынша түпкілікті есеп айырысу тараптар жеткізілген тауарлар актісіне (актілеріне) (бұдан әрі-қабылдау - беру актілері) қол қойған және келесі құжат (құжаттар) ұсынылған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күнінен кешіктірілмейтін мерзімде жүргізіледі:

2.6. Шарт бойынша түпкілікті есеп Тараптар қабылдау-табыстау актісіне (актілеріне) қол қойған күннен бастап 30 (отыз) күнтізбелік күннен кешіктірмей және келесі құжаттарды ұсынғаннан кейін жүргізіледі: 2.6.1 Шарт шеңберінде жеткізілген Тауарлардағы елішілік құндылық үлесінің есебі электронды құжат түрінде (электронды сатып алуды жүргізуді қамтамасыз ететін «Самұрық-Қазына» АҚ ақпараттық жүйесінде ұсынылады (бұдан әрі – Веб-портал). Қазақстан Республикасының 2025 жылғы 18 шілдедегі № 214-VIII Салық кодексінің (бұдан әрі - ҚР СК) 208-бабында көрсетілген ҚҚС төлеушілері, ҚҚС төлемеушілер үшін 2.6.2. Салық заңнамасының талаптарына сәйкес жазып берілген шот-фактура. 2.6.2 Шоттар/шот-проформалар. 2.6.3 Қорларды шетке беруге арналған жүккұжат (Веб-порталдағы электронды көшірмесі және түпнұсқасы ұсынылады); 2.6.4 Дайындаушы зауыттың паспорты немесе сапа сертификаты; 2.6.5 Шарттың № 2 Қосымшасына сәйкес басқа құжаттар. Бейрезиденттерімен жасалған шарттар үшін 2.6.1 Өнім беруші мемлекетінің _____ (мемлекетті көрсету) салық заңнамасы талабының есебімен ресімделген шот -фактура; 2.6.2 Тауар-көлік жүккұжаты (CMR); 2.6.3 Тауар жүккұжаты; 2.6.4 Дайындаушы зауыттың паспорты немесе сапа сертификаты (тауардың әр партиясын жеткізу кезінде); Тауар автомобиль көлігімен жеткізілген жағдайда келесілерді қосу қажет 2.6.5 Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитеті Шекара қызметінің аумақтық бөлімшелері берген мемлекеттік бақылаудан өту туралы талон.

2.7. Заңнамаға сәйкес ресімделген және қол қойылған Қабылдап алу-тапсыру актісін (актілерін) Өнім беруші Тапсырыс берушіге Веб-портал арқылы жібереді. Веб-порталда электрондық түрде Тауарларды Қабылдап алу-тапсыру актісін (актілерін) қалыптастыруға және оларға қол қоюға жол беріледі. Акт (актілер) Ұлттық тауарлар каталогынан тауардың жеке кодын (kztin) қарастыруы қажет. Ілеспе жұмыстарды (көрсетілетін қызметтерді) орындау кезінде түпкілікті есеп шарт бойынша тиісті жұмыстарды (көрсетілетін қызметтерді) орындағаннан кейін жүзеге асырылуы мүмкін. Бұл ретте ілеспе жұмыстарды (қызметтерді) орындағаны үшін төлемді ұстап қалу шарт сомасының 20%-нан аспауы тиіс.

2.8. Тапсырыс беруші Мердігердің төлем құжаттарының топтамасын уақтылы ұсынбауына/қол қоюына байланысты төлемді кешіктіргені үшін жауапты болмайды.

2.9. Нақты жеткізілген Тауар үшін төлем бұрын төленген алдын ала төлемді ескере отырып жүргізіледі.

2.10. Осы Шарттың қолданылу мерзімі ішінде Тәртіпте көзделген жағдайлардан басқа Тауардың бір бірлігі үшін баға ұлғайтуға жатпайды.

2.11. ЕАЭО құрамына кіретін Қазақстан Республикасының бейрезиденттерімен жасалатын шарттар үшін Жанама салықтарды салу және тауарлар экспорты мен импорты, жұмыстарды орындау, қызметтерді көрсету кезінде оларды төлеуді бақылау механизмі туралы хаттамаға (Еуразиялық экономикалық одақ туралы 29.05.2014ж. Шарттың 18-Қосымшасы) сәйкес Өнім беруші қолданған ҚҚС нөлдік мөлшерлемесін растау үшін Тапсырыс беруші Өнім берушінің мекенжайына жанама салықтарды толық көлемде төлеуді растайтын тиісті құжаттарды жолдайды.

Осы құжат Қазақстан Республикасы Цифрлық кодексінің 62 бабының 2 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей

Данный документ согласно пункту 2 статьи 62 Цифрового кодекса Республики Казахстан равнозначен документу на бумажном носителе

3. Жеткізу мерзімдері мен талаптары

3.1. Өнім беруші Шарт бойынша міндеттемелерді толық орындағанға дейін қолданылу мерзімімен банк кепілдігін берген жағдайда, жеткізу күні - Шарттың қолданылу мерзімі аяқталғанға дейін кемінде күнтізбелік 2 (екі) ай бұрын. Жеткізу мерзімі күнтізбелік күн болып табылатын шарттар үшін 3.1 Өнім беруші Шарттың № 1, № 2-Қосымшаларына сәйкес мерзімде және талаптарда Тауарды жеткізуге міндетті.

3.2. Тапсырыс берушінің өтінімі бойынша жеткізу мерзімімен шарттар үшін Тауарды жеткізу Шарттың № 1, № 2-Қосымшаларында көрсетілген мерзімдер ішінде жіберілген Тапсырыс берушінің өтінімі (бұдан әрі – Өтінім) бойынша жүзеге асырылады. Бұл ретте Өнім беруші Тауарды жеткізуге Өтінім Өнім берушінің электронды поштасына не заңды мекенжайына осы күндердің қайсысы бұрын болатынына байланысты жеткізілген күннен бастап _____ күнтізбелік күн ішінде жеткізуге міндетті.

3.2.1. Түпнұсқадан сканерленген түсті форматтағы, еркін нысанда ресімделген және Тапсырыс берушінің уәкілетті өкілімен қол қойылған Тауарды жеткізуге Өтінім осы Шарттың «Тараптардың орналасқан жері және банк деректемелері» бөлімінде/Веб-порталда көрсетілген электронды поштаға немесе заңды мекенжайына Өнім берушіге жіберіледі.

3.2.2. Өнім беруші Өтінім жеткізілген күннен бастап (электронды поштаға немесе заңды мекенжайға) 3 (үш) жұмыс күні ішінде еркін нысанда ресімделетін Өтінімді алғаны туралы хабарлама (бұдан әрі – Хабарлама) жолдау арқылы Өтінімді алғандығы туралы растама ұсынуға міндетті.

3.2.3. Өтінім Өнім берушінің электронды поштасына немесе заңды мекенжайына жеткізілген күннен кейін күшіне енеді, осы күндердің қайсысы бұрын келетіндігіне байланысты.

3.3. Тауар Тауардың сақталуы мен бүтіндігін қамтамасыз ететін кез келген көлік түрімен жеткізіледі.

3.4. Өнім беруші Тапсырыс берушіге Шарттың №1, № 2-Қосымшаларындағы талаптарға сәйкес келетін Тауарды қабылдау-тапсыру актісіне сәйкес қорларды шетке беруге арналған жүккұжат бойынша Тауарды береді.

3.5. Бейрезиденттермен жасалатын шарттар үшін: 3.3 Өнім беруші Тапсырыс берушіге Шарттың №1, № 2-Қосымшаларындағы талаптарға сәйкес келетін Тауарды тауар жүккұжаты/тауар-көлік жүккұжаты бойынша ұсынады.

3.6. Тапсырыс беруші Тауарды қабылдау-тапсыру актісіне қол қойған күн Тауарды жеткізу күні болып табылады. Тауарға меншік құқығы Өнім берушіден Тапсырыс берушіге Тапсырыс беруші Тауарды қабылдау-тапсыру актісіне қол қойған күннен бастап өтеді. Жеткізуге байланысты шығындар Шарттың жалпы сомасына кіреді.

4. Тараптардың құқықтары мен міндеттемелері

4.1. Өнім беруші:

4.1.1. Тауарды Шарттың талаптарына сәйкес жеткізуге;

4.1.2. Тапсырыс берушіге Шартта белгіленген мерзімде және талаптарда жеткізілетін Тауарға құжаттарды, оның ішінде:

4.1.2.1. Шарт шеңберінде электрондық құжат нысанында жеткізілген тауардың барлық көлеміне (санына) шарттағы елішілік құндылық үлесін есептеу (Веб-порталда ұсынылады). Түпкілікті Қабылдап алу-тапсыру актісімен бірге ұсынылады.

4.1.2.2. Шарт бойынша нақты жеткізілген тауардың көлеміне (санына) әрбір қабылдау-тапсыру актісімен (Актілерімен) бірге электронды құжат нысанындағы елішілік құндылық үлесінің есебі (Веб-порталда ұсынылады).

4.1.2.3. Егер шарт сатып алынатын Тауардың тауар өндірушісімен (қазақстандық тауар өндірушілердің тізілімінде тұрған тауар өндіретін өнім беруші) жасалса Өнеркәсіпті мемлекеттік ынталандыру саласындағы уәкілетті орган бекіткен Қазақстандық тауар өндірушілер тізілімін жүргізу қағидаларына сәйкес қалыптастырылған, қазақстандық тауар өндірушілер тізілімінен үзінді көшірме (үзінді көшірмелер) ұсынуы.

4.1.2.4. Осы Шарттың 2-бөлімінде көрсетілген құжаттар.

4.1.3. Шарттың талаптарына сәйкес тауардың саны мен сапасы бойынша Тапсырыс беруші анықтаған кемшіліктерді жоюға; Тапсырыс беруші Өнім берушінің тауарлардағы елішілік құндылықтың болжамды үлесін ұсынуын талап етуге құқылы емес.

4.1.4. Шарттың талаптарына сәйкес Тауарды жеткізу бойынша өзіне қабылдаған міндеттемелерді толық орындауды қамтамасыз етуге.

4.1.5. Стандарттарға және/немесе өндіруші зауыттың техникалық шарттарына сәйкес Тауардың тиісті сапасына кепілдеме беруге.

4.1.6. Тапсырыс берушіге Тауарды тиеп-жөнелтуге дайындығы және жүргізілген тиеп-жөнелту туралы хабарлауға.

4.1.7. Тапсырыс берушінің аумағында бола отырып, «ҮМЗ» АҚ объектілерінде Өнім беруші жұмыскерлеріне рұқсат беру және болу кезінде рұқсатнамалық объектішілік режимінің талаптары» СТ 28.0021 «А»-Қосымшасының талаптарын орындауға.

Осы құжат Қазақстан Республикасы Цифрлық кодексінің 62 бабының 2 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей

Данный документ согласно пункту 2 статьи 62 Цифрового кодекса Республики Казахстан равнозначен документу на бумажном носителе

4.1.8. Тапсырыс берушінің құжаттарына сәйкес ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету бойынша талаптарды орындауға.

4.1.9. Тапсырыс берушіге Тауардағы елішілік құндылық үлесі жөнінде анық ақпарат беруге. Елішілік құндылық үлесі жөнінде анық емес ақпарат ұсынылған жағдайда, Өнім беруші Шартқа сәйкес жауапты болады.

4.1.10. Қызметтік, коммерциялық немесе заңмен қорғалатын өзге де құпияны, сондай-ақ осы Шарт бойынша міндеттемелерін орындауына байланысты Өнім берушіге мәлім болған дербес деректерді жария етпеуге.

4.1.11. Тауарды жеткізуге байланысты, тараптар келіспеген барлық шығындарды төлеуге.

4.1.12. Өз ұйымының жұмыскерлерін «ҮМЗ» АҚ ҚОМЖ және ДҚжЕҚҚМЖ талаптарымен, сонымен қатар «ҮМЗ» АҚ сыртқы сайтында (http://www/ulba.kz/ru/) орналастырылған «ҮМЗ» АҚ Басшылық саясатымен таныстыруға.

4.1.13. Шартпен көзделген жағдайларда Активтерді қабылдау актілеріне қол қоюға.

4.1.14. Тиісті емес сападағы Тауар жеткізілген жағдайда Тапсырыс берушіге Өнім беруші тиісті емес сападағы Тауарды жеткізуіне байланысты және туындаған барлық шығындарды өтеуге.

4.1.15. ҚР СК 208-бабында көрсетілген ҚҚС төлеушілер, ҚҚС төлемеушілер үшін 4.1.17 Қорларды шетке беруге арналған жүккұжат бойынша Тауарды тапсыруға және салық заңнамасының талаптарына сәйкес бойынша шот-фактура жазып беруге. ҚР СК 208-бабында көрсетілмеген ҚҚС төлемеушілер үшін 4.1.17 Қорларды шетке беруге арналған жүккұжат бойынша Тауарды тапсыруға. Бейрезиденттермен жасалатын шарттар үшін 4.1.17 Тауарды тауар жүккұжаты/тауар-көлік жүккұжаты бойынша тапсыруға.

4.1.16. Өзара талаптардың жоқ екендігі туралы тексеріп салыстыру актісіне Тапсырыс берушіден алған күннен бастап 30 (отыз) жұмыс күннен кешіктірмей қол қоюға.

4.1.17. Тапсырыс берушіге толтырылған Контрагент сауалнамасын (осы Шарттың № 4-Қосымшасы) осы Шартқа қол қойғаннан кейін 5 (бес) жұмыс күні ішінде және шарт 12 айдан артық уақытқа жасалса, жыл сайын ұсынуға.

4.1.18. Тапсырыс берушіге осы Шартқа қол қойылғаннан кейін 5 (бес) жұмыс күні ішінде және егер шарт 12 айдан астам мерзімге жасалған болса, жыл сайын толтырылған ESG анкета-сауалнамасын (осы Шарттың №7-Қосымшасы) ұсынуға.

4.1.19. Осы Шартқа қол қойған соң 5 (бес) жұмыс күн ішінде Тапсырыс берушінің http://www.ulba.kz веб-сайтында орналастырылған «ҮМЗ» АҚ Өнім берушілердің Әдеп кодексімен танысуға және өзінің жұмыскерлерін таныстыруға. «ҮМЗ» АҚ Өнім берушілердің Әдеп кодексі Шарттың ажырамас бөлігі болып табылады.

4.1.20. Өнім беруші, оның ішінде жұмыскерлері және олардың отбасы мүшелері, сонымен қатар қосалқы жеткізушілер Шарттың бүкіл қолданылу мерзімі ішінде «ҮМЗ» АҚ Өнім берушінің Әдеп кодексіне сәйкес міндеттемелерді қабылдайды.

4.1.21. Егер шартты орындау үшін Тапсырыс берушінің күзетілетін аумағына кіру қажет болса Өткізу және объектішілік режимдердің бұзылуына жол бермеуге. Мұндай бұзушылықтарға келесілер жатады, соның ішінде: 1) Өнім берушінің және/немесе Өнім беруші жұмыскерінің «ҮМЗ» АҚ аумағында жұмыс уақытында және жұмыстан тыс уақытта алкогольдік, есірткілік немесе токсикологиялық мас күйде болуы, сондай-ақ күзетілетін аумаққа алкогольдік, есірткілік немесе токсикологиялық мас күйде өтуге әрекет етуі; 2) Өнім берушінің және/немесе Өнім беруші жұмыскерінің «ҮМЗ» АҚ аумағынан рұқсат құжаттарынсыз немесе дұрыс ресімделмеген құжаттар (тауар-материалдық құндылықтардың нақты көлемі, саны және/немесе номенклатурасы ресімделген құжаттарға сәйкес келмейді, әкетуге арналған құжаттарда толықтырулар немесе түзетулер бар) бойынша тауар-материалдық құндылықтарды әкету (шығару) және/немесе әкету (шығару) әрекеттері; 3) Өнім берушінің және/немесе Өнім беруші жұмыскерінің рұқсат құжаттарынсыз немесе дұрыс ресімделмеген құжаттар бойынша «ҮМЗ» АҚ күзетілетін аумағына рұқсатсыз енгізуге (әкелуге) тыйым салынған заттардың тізбесінде» көрсетілген тыйым салынған заттарды әкелу және/немесе кіргізу әрекеттері және/немесе әкелу және/немесе кіргізу (№ ___-Қосымша); 4) рұқсаттаманы басқа тұлғаға беру, өтуге әрекет жасау және/немесе «ҮМЗ» АҚ аумағына жалған немесе мерзімі өткен рұқсаттама бойынша өту.

4.1.22. Рұқсаттаманың қолданылу мерзімі өткен соң 5 (бес) жұмыс күн ішінде оны (рұқсаттаманы) Тапсырыс берушіге қайтару және Шарттың кураторына - _____(Т.А.Ә.) Тапсырыс берушінің рұқсаттамалар бюросының өкілі қол қойған рұқсаттаманы тапсыруы туралы анықтаманы ұсынуға.

4.1.23. Тапсырыс берушіге жоғалған/бүлінген рұқсаттаманың құнын Тапсырыс беруші тиісті талап қойған күннен бастап 10 (он) жұмыс күн ішінде өтеуге. Шарттың 4.1.25-тармақшасында көрсетілген мерзімде Өнім беруші рұқсаттаманы қайтару туралы анықтама бермесе, рұқсаттама жоғалды деп танылады

4.1.24. Сатып алу туралы шартты орындау шеңберінде жеткізілетін тауардың техникалық регламентте, стандарт немесе Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес өзге құжаттарда белгіленген талаптарға сәйкес келетіндігін растайтын құжаттарды тапсыруға.

4.1.25. Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жеткізілетін Тауарлардың техникалық регламенттерде, стандарттар ережелерінде немесе өзге де құжаттарда белгіленген талаптарға сәйкестігін растайтын құжаттарды Сатып алу туралы шартты орындау шеңберінде ұсынуға;

Осы құжат Қазақстан Республикасы Цифрлық кодексінің 62 бабының 2 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей

Данный документ согласно пункту 2 статьи 62 Цифрового кодекса Республики Казахстан равнозначен документу на бумажном носителе

4.1.26. Тауарды жеткізу мерзімдері бұзылған және (немесе) Тауарды жеткізуден бас тартылған жағдайда, Тапсырыс беруші нақты жұмсалған шығыстарды ескере отырып, төлеген аванстыны (алдын ала төлемді) Тапсырыс берушіге қайтаруға.

4.1.27. Тапсырыс берушінің өтінімі бойынша жеткізу мерзімі бар Шарттар үшін: Тапсырыс беруші жіберген өтінімді Шарттың 3.1-тармағында көрсетілген мерзімдерде орындау.

4.1.28. Сыбайлас жемқорлық көріністерін, ақшаны жылыстатуды, терроризмді қаржыландыруды қоса алғанда, заңсыз қызметке қатыспауға, Өнім берушімен, оның акционерлерімен/ құрылтайшыларымен/ қатысушыларымен/ басшыларымен ынтымақтастыққа тыйым салатын санкциялардың болуын қоса алғанда, Өнім берушінің және(немесе) Тапсырыс берушінің беделіне теріс әсер етуі мүмкін өзге де жағымсыз сәттердің болмауына кепілдік беру және аталған жағдайлар болса, осы Шартты бұзу.

4.1.29. Тапсырыс берушінің хабарламасы негізінде / Тапсырыс берушінің таңдауы бойынша өз бетімен және өз есебінен Шарттың талаптарына сәйкес келмейтін Тауарды (Тауардың бір бөлігін) әкетуге немесе Өнім берушіге Шарттың талаптарына сәйкес келмейтін Тауарды қайтаруға байланысты шығыстарды Өнім берушіге төлемге шот жіберілген сәттен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде Тапсырыс берушіге өтеуге.

4.1.30. «ҮМЗ» АҚ аумағына көлік құралының рұқсатнамасын Өнім берушіге ресімдеу үшін «И 19.0008 «ҮМЗ»АҚ-дағы өткізу режимі туралы нұсқаулыққа» сәйкес Тапсырыс берушіге (шарт бойынша жауапты тұлғаға) жүк (тауардың атауы, габариттік өлшемдері, салмағы, түсіру тәсілі) туралы ақпаратты алдын ала (көлік құралы келгенге дейін бір жұмыс күнінен кешіктірмей), көлік құралы жүргізушісінің және оны алып жүретін тұлғаның жеке басын куәландыратын құжатты, көлік құралын тіркеу туралы куәлікті, жүргізуші куәлігін ұсынуға.

4.1.31. Шарттың шеңберінде ҚР аумағына тауарларды әкелу көзделген бейрезиденттермен жасалатын шарттар үшін 4.1.36 Республикасының Мемлекеттік шекарасын кесіп өткенге дейін Тапсырыс берушіге әкелінетін тауарға (тауарларға) келесі құжаттар немесе олардың көшірмелерін ұсыну қажет: - Өнім беруші елінің салық заңнамасының талаптарын ескере отырып ресімделген шот-фактура _____ (елді көрсету). - Тауар-көлік жүкқұжаты (CMR). - Тауар жүкқұжаты/ Теміржол жүкқұжаты.

4.1.32. Егер шарт сатып алынатын Тауардың тауар өндірушісімен (қазақстандық тауар өндірушілердің тізілімінде тұрған тауар өндіретін өнім беруші) жасалса Тауарды Шарттың және жеке өндірістің талаптарына сәйкес жеткізуге. Тараптар сатып алынған тауарды қабылдау-табыстауды растайтын тиісті актіге қол қойған күнге дейін Өнім берушінің өнеркәсіпті мемлекеттік ынталандыру саласындағы уәкілетті орган бекіткен Қазақстандық тауар өндірушілер тізілімін жүргізу қағидаларына сәйкес қалыптастырылған, қазақстандық тауар өндірушілер тізілімінен үзінді көшірме ұсынуы жеке өндірісінің тауарын жеткізу бойынша міндеттемені орындауын растау болып табылады.

4.1.33. Пайдасына басқаға беру болжанатын заңды тұлға туралы барлық ақпаратты ұсына отырып, факторинг шартын жасасу туралы «ҮМЗ» АҚ-ға уақтылы хабарлау;

4.1.34. Пайдасына басқаға беру көзделіп отырған заңды тұлға туралы барлық ақпаратты ұсына отырып, цессия шартын жасасуды «ҮМЗ» АҚ-мен жазбаша келісу.

4.1.35. Өнім беруші / мердігер / Орындаушы еңбек заңнамасын сақтауға және көрсетілген бағыттар бойынша қызметкерлердің әлеуметтік кепілдіктерін қамтамасыз етуге және Тапсырыс берушінің сұрауы бойынша көрсетілген бағыттар бойынша қызметкерлердің еңбек заңнамасының сақталуын Растауды және әлеуметтік кепілдіктерін қамтамасыз етуді Тапсырыс берушіге жіберуге міндеттенеді;

4.2. Өнім беруші:

4.2.1. Тапсырыс берушіден Шартта көзделген төлемді (төлемдерді) талап етуге;

4.2.2. Тапсырыс берушіден Тауарды уақтылы қабылдауды және Қабылдап алу-тапсыру актісіне қол қоюды талап етуге;

4.2.3. Шартты, Қазақстан Республикасының заңнамасында, Тәртіпте және (немесе) Шартта қарастырылған негіздер бойынша бұзуға;

4.2.4. Шарттық міндеттемелерді орындау тәсілдерін өз бетімен анықтауға.

4.3. Тапсырыс беруші:

4.3.1. Өнім беруші жеткізген тауарды Шарт талаптарына сәйкес қабылдауға;

4.3.2. Шағымдар болмаған жағдайда Қабылдап алу-тапсыру актісіне Өнім берушіден Қабылдап алу - тапсыру актісін алған күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде қол қоюға;

4.3.3. Шарттың талаптарына сәйкес төлемді (төлемдерді) жүзеге асыруға;

4.3.4. Өнім берушімен Тараптардың өзара талаптарының жоқ екендігі туралы салыстыру актісіне қол қою арқылы Шартты жабуға.

4.4. Тапсырыс беруші:

Осы құжат Қазақстан Республикасы Цифрлық кодексінің 62 бабының 2 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей

Данный документ согласно пункту 2 статьи 62 Цифрового кодекса Республики Казахстан равнозначен документу на бумажном носителе

4.4.1. Өнім берушіден Шартта көзделген Тауарды тиісті мөлшерде және сапада алуға;

4.4.2. Тауардың/Шарттың құнын сәйкесінше азайтумен Шарттың талаптарына сәйкес келмейтін Тауардың кез келген бөлігінен бас тартуға немесе ақаулы ведомоске сәйкес Өнім берушіге сапасыз Тауарды қайтаруға;

4.4.3. ҚР заңнамасында, Тәртіпте және (немесе) Шартта көзделген негіздер бойынша шартты бұзу және (немесе) шарттан бас тартуға құқылы.

4.4.4. Тапсырыс беруші құқылы:

4.4.5. Қазақстан Республикасының заңнамасында және/немесе осы Шартта және/немесе Тәртіпте көзделген жағдайларда Шартты орындаудан бір жақты тәртіпте бас тартуға (Шарттан бас тартуға).

4.4.6. Өнім берушіден қойылған тұрақсыздық төлемі және шығын сомаларын төлеуді талап етуге.

4.4.7. Егер шартта Шарттың орындалуын қамтамасыз етуді ұсыну көзделмесе Өнім беруші Шарт бойынша міндеттемелерін бұзғаны үшін Шартта көзделген тәртіпте шарт бойынша төлем сомасынан бір жақты тәртіпте тұрақсыздық төлемін ұстап қалуға.

4.4.8. Осы Шартты орындауға байланысты банктік есеп айырысулар жөніндегі ақпаратты «Самұрық-Қазына» Ұлттық әл-ауқат қоры» АҚ-ға (бұдан әрі – Қор) осы Шартта қаралған банк арқылы «ҮМЗ» АҚ банктік шоты бойынша анықтамалар, үзінді-көшірме/үзінді-көшірмелер түрінде Қор талап еткен кез келген кезеңділікпен ұсынуға.

4.4.9. Шарттың 5-бөлімінің талаптарын сақтау шартында мөлшері мен сапасы сәйкес келмейтін Тауарды қабылдамауға.

4.4.10. Өнім берушіден осы Шарттың 2-бөлімінде көрсетілген құжаттарды ұсынуды талап етуге.

4.4.11. Өнім берушіден жоғалған/бүлінген рұқсаттаманың құнын өтеуді талап етуге.

4.4.12. Келесі жағдайларда біржақты тәртіппен Шартты бұзуға (Шартты орындаудан бас тартуға): - Өнім берушінің Тапсырыс берушіге осы Шарттың талаптарына сәйкес осы Шарттың № 4-Қосымшасындағы нысан бойынша Контрагент сауалнамасын ұсынбауы; - Өнім берушіні комплаенс-тексеру кезінде теріс нәтиже анықталған; - Өнім беруші «ҮМЗ» АҚ Өнім берушілердің Әдеп кодексін бұзу фактілері анықталған жағдайларда.

4.4.13. Тапсырыс берушінің өтінімі бойынша жеткізу мерзімімен шарттар үшін: Шарттың №1, №2-Қосымшаларында көрсетілген Тауарды жеткізу мерзімі ішінде Өнім берушінің мекенжайына Тауарды жеткізуге Өтінім жолдауға.

4.4.14. Шарттың 4.2-тармағының 4.4.2-тармақшасының талаптары Шарт бойынша Тараптардың қатынастарына қолданылмайды.

4.4.15. Тауардың/Шарт құнын сәйкесінше төмендете отырып Шарт талаптарына сәйкес келмейтін Тауардың кез келген бөлігінен бас тартуға немесе сапасыз Тауарды Өнім берушіге қайтаруға.

4.4.16. Өнім берушіден Шарттың талаптарына сәйкес келмейтін Тауарды (Тауардың бір бөлігін) әкетуін талап етуге немесе Тапсырыс берушіге Шарттың талаптарына сәйкес келмейтін Тауарды Өнім берушіге қайтаруға байланысты шығыстарды Өнім берушіге төлемге шот жіберілген сәттен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде / Өнім берушіге хабарлама жіберілген сәттен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде өтеуге.

4.4.17. Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасының нормалары аясында жауап қату шараларын қабылдау үшін Өнім берушінің және/немесе Өнім беруші жұмыскерінің өткізу және объектішілік режимдерді бұзғаны туралы материалдарды арнаулы және құқық қорғау органдарына жіберуге.

4.4.18. Өнім берушінің (Сатушының) /Орындаушының/ Мердігердің басқарма жұмыскерлері (ұйымдастырушылық-өкімдік немесе әкімшілік-шаруашылық функцияларды тұрақты, уақытша немесе арнайы өкілеттік бойынша орындайтын тұлға) сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасаған жағдайда шартты/келісімшартты/келісімшартты бұзу.

4.4.19. Тапсырыс беруші Өнім берушіден/мердігерден/орындаушыдан еңбек заңнамасының сақталуын Растауды және көрсетілген бағыттар бойынша қызметкерлердің әлеуметтік кепілдіктерін қамтамасыз етуді талап етуге құқылы.

4.5. Осы Шарт бойынша міндеттемелерді орындаған жағдайда Тараптар осы Шарттың «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл» тармағының талаптарын сақтауға міндеттенеді.

4.6. Тараптардың ешқайсысының осы Шарт бойынша өз құқықтары мен міндеттемелерін екінші Тараптың жазбаша келісімінсіз үшінші Тарапқа беруге құқығы жоқ.

4.7. Егер Тауар өтінімдер бойынша жеткізілсе 4.8 Егер Шарттың қолданылу мерзімі аяқталған күні Тапсырыс берушінің Өтінімі бойынша Өнім беруші жеткізген Тауардың жалпы құны Шарттың жалпы сомасына жетпеген жағдайда, Өнім беруші Тапсырыс берушіден Тауардың қалған көлеміне қосымша Өтінімдер беруді және тиісінше, Шарт бойынша жалпы соманы төлеуді талап етуге құқылы емес.

Осы құжат Қазақстан Республикасы Цифрлық кодексінің 62 бабының 2 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей

Данный документ согласно пункту 2 статьи 62 Цифрового кодекса Республики Казахстан равнозначен документу на бумажном носителе

4.8. Энергияны елеулі тұтынуға әсер ететін ТЖҚ сатып алуға шарттар жасасу кезінде: 4.9 Өнім беруші өз қызметкерлерін Тапсырыс берушінің http://www.ulba.kz. веб-сайтында орналастырылған энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру саласындағы «ҮМЗ» АҚ басшылығының саясатымен танысуға және таныстыруға міндетті. Осы Шартқа қол қоя отырып, Өнім беруші «ҮМЗ» АҚ басшылығының энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру саласындағы саясатының мазмұнымен танысқанын растайды.

5. Тауарды тапсыру және қабылдау тәртібі

5.1. Тапсырыс беруші жеткізілген Тауардың Техникалық ерекшелікке және Шарттың өзге де талаптарына сәйкестігін тексеруге, оның ішінде бұзу әдістерін қолдану талап етілген жағдайда сынақтар жүргізу үшін Тауарды/Тауардың бір бөлігін үлгілер ретінде пайдалануға құқылы.

5.2. 2 Жеткізілген Тауарды қабылдауды Тапсырыс берушінің өкілі қарап-тексеру жолымен және осы Шартта көзделген құжаттар негізінде жүргізеді.

5.3. Тауарды қабылдау және оны Тапсырыс берушінің иелігіне өткізу екі кезеңде жүргізіледі:

5.3.1. Сапасы және мөлшері бойынша алдын ала қабылдау:

5.3.1.1. саны бойынша – Өнім берушінің қорларды шетке беруге арналған жүкұжатында көрсетілген мөлшерге сәйкес; Бейрезиденттермен жасалатын шарттар үшін 5.3.1.1 саны бойынша – Өнім берушінің тауарлық жүккұжаты/тауар-көлік жүккұжатында көрсетілген мөлшерге сәйкес.

5.3.1.2. сапасы бойынша – Шарттың 2-бөлімі және Шарттың № 2 қосымшасында көрсетілген құжаттарға сәйкес. Сапасы бойынша алдын ала қабылдау Тауарды Өнім берушіден (Өнім берушінің уәкілетті тұлғасынан) Тапсырыс берушіге Шарттың талаптарына сәйкес ұсынған сәттен бастап жүргізіледі.

5.3.2. Келесі мерзімде сапасы және мөлшері бойынша соңғы рет қабылдау:

5.3.2.1. Саны бойынша:

5.3.2.1.1. ыдыссыз, ашық және/немесе бүлінген ыдыспен келген Тауар – Өнім берушіден (Өнім берушінің уәкілетті тұлғасынан) алған уақытта не пломбаланған ыдысты ашу және пломбаланбаған көлік құралдары мен контейнерлерді түсіру кезінде, бірақ тиеп-түсіру мерзімі аяқталғанға дейін;

5.3.2.1.2. Бүтін ыдыста келген Тауар: брутто салмағы және орын саны бойынша - Шарттың 5.3.2.1.1 -тармақшасында көрсетілген мерзімде. нетто салмағы және әр орында тауарлық бірлік саны бойынша ыдысты ашумен бір уақытта, бірақ Тауарды алған күннен бастап 10 жұмыс күннен кешіктірмей – Өнім беруші (немесе оның уәкілетті тұлғасы) Тауарды жеткізген кезде немесе Өнім берушінің қоймасынан Тапсырыс беруші әкеткен кезде және Жүк тасымалдаушы (Тауарды тасымалдауға Тапсырыс берушінің немесе Өнім берушінің уәкілетті тұлғасы) жүкті ұсынған уақытта – барлық қалған жағдайларда.

5.3.2.2. сапасы бойынша Өнім беруші Тауарды жеткізген немесе Тапсырыс беруші Тауарды шығарған кезде Өнім беруші Тауарды берген күннен бастап немесе Тапсырыс берушінің қоймасына келіп түскен күннен бастап 10 (он) жұмыс күнінен кешіктірмей. Ыдыста жеткізілген Тауардың сапасы мен жинақтылығын тексеру ыдысты ашу уақытында жүргізіледі, бірақ жоғарыда көрсетілген мерзімнен кешіктірмей.

5.4. 4 Тауар санының жетіспеуі немесе сапасына шағымдар анықталған жағдайда (қабылдаудың кез келген кезеңінде) тауарды қабылдау тоқтатылады, Тауардың сақталуын қамтамасыз ету және басқа ұқсас өніммен араласуының алдын алу бойынша шаралар қабылданады. Өнім берушінің өкілін шақырту міндетті түрде. Өнім беруші өзінің келуі туралы Тапсырыс берушіден хабарлама алған күннен бастап 3 (үш) күнтізбелік күн ішінде хабарлауы тиіс. Өнім беруші қабылдауға келмеген не бас тартқан жағдайда, Тауарды сапасы мен мөлшері бойынша қабылдауды құрамы 3 (үш) адамнан кем емес Тапсырыс берушінің комиссиясы жүргізеді. Қабылдау нәтижелері бойынша «Активті қабылдау туралы акт» жасалады (Өнім берушінің өкілі келген жағдайда, оның қатысуымен, келмеген жағдайда – Тапсырыс берушінің комиссиясымен). «Активті қабылдау туралы актіде» көрсетіледі: қарап-тексеру уақытына ыдыс пен тоғанақтың күйі, пломба бедерінің сипаттамасы, Тауардың мөлшері мен сапасын анықтау тәсілдері; анықталған сәйкессіздіктер мен олардың пайда болу себептері. «Активтерді қабылдау туралы актіге» Тауарды қабылдауға қатысуға уәкілетті тұлғалар қол қояды. Тараптар «Активтерді қабылдау туралы актіде» белгіленген Тауардың сапасы мен мөлшері бойынша қабылдау нәтижелері (Тапсырыс беруші Өнім берушінің өкілімен немесе оның қатысуынсыз қол қойған) соңғы және Шарт бойынша сапасы мен мөлшері бойынша талаптарға сәйкес келетін Өнім берушінің Тауарды жеткізу бойынша міндеттемелерін тиісті түрде немесе тиіссіз түрде орындауын растайтын факт болып табылатындығына келісті. Шартта келісілмеген жағдайларда Тараптар Қазақстан Республикасының Азаматтық Кодексін басшылыққа алады.

5.5. Тауарды тасымалдау кезінде Өнім беруші жеткізудің базистік талаптарымен белгіленген жауапкершілік аймағы шегінде (Өнім берушінің) қоршаған ортаны қорғау бойынша талаптарды сақтауға міндетті.

6. Кепілдіктер мен сапа

Осы құжат Қазақстан Республикасы Цифрлық кодексінің 62 бабының 2 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей

Данный документ согласно пункту 2 статьи 62 Цифрового кодекса Республики Казахстан равнозначен документу на бумажном носителе

6.1. Өнім беруші жеткізілетін Тауардың сапасы жеткізілетін Тауарға қолданылатын белгіленген талаптарға сәйкес келетіндігіне және Тауардың сапасы Шарттың 2-Бөліміндегі құжаттарда көрсетілген сипаттамаларға сәйкес келетіндігіне кепіл береді. Осы Шарт бойынша жеткізілген Тауарды қалыпты пайдалану кезінде жеткізілген Тауардың құрылымымен, материалымен не жұмысымен байланысты ақаулардың болмайтындығына Өнім беруші кепіл береді.

6.2. Егер кепілдік мерзімі ішінде белгіленген _____(кепілдік мерзімін және оның басталуын көрсету),Тауардың ақаулары не Шарттың талаптарына сәйкес келмеу анықталса, Өнім беруші өз есебінен ақауы бар Тауарды жаңа Тауарға ауыстыруға міндеттенеді. Тапсырыс беруші Өнім берушіге жою мерзімін көрсетумен кемшіліктерді жою туралы хабарлама жолдайды. Ауыстырылған Тауарға кепіл мерзімі жаңа Тауарға ауыстырған сәттен басталады. Тауарды ауыстыру бойынша барлық шығынды Өнім беруші көтереді.

6.3. Егер Тауарды ауыстыруды мерзімінен кешіктіру Өнім берушінің кінәсінен болса, кепіл мерзімі сәйкес уақыт кезеңіне ұзартылады.

6.4. Егер Тауарды ауыстыру бойынша кідіріс Өнім берушінің кінәсінен орын алса, онда кепілдік мерзімі тиісті уақыт кезеңіне ұзартылады.

6.5. Қазақстан Республикасының резиденттермен жасалатын шарттар үшін: 6.4 Тараптар БҰҰ Қауіпсіздік Кеңесінің, АҚШ-тың, Еуропалық Одақтың, Ұлыбританияның, Қытайдың, Швейцарияның, Австралияның немесе Тараптардың кез келгені орналасқан елдің санкцияларымен шектелмей, эксаумақтық әсері бар санкцияларға (бұдан әрі - Жаһандық санкциялар) шектеулер қойылмайтынына кепілдік береді және сендіреді. Тараптар осы Шартты орындауға тартылған, оларға қарсы Жаһандық санкциялар бағытталуы мүмкін кез келген тұлғаларды, компанияларды немесе ұйымдарды тартпауға немесе жалдамауға келіседі. Егер Тарап немесе оның құрылтайшы компаниясы немесе оның үлестес тұлғаларының кез келгені немесе осындай компаниялардың директорларының, лауазымды тұлғаларының немесе қызметкерлерінің кез келгені («Санкцияға ұшыраған тұлға») немесе санкцияға ұшыраған осындай тұлға тұрып жатқан немесе Шартты орындайтын немесе бизнесті жүргізетін ел Жаһандық санкцияларға сәйкес айыппұлға тартылады немесе талап қойылады, немесе ерекше белгіленген азаматтығы және бұғатталған адамдар тізімінде болса («SDN-тізім»), екінші Тарап жауапкершіліксіз немесе айыппұлсыз Шарттың орындалуын санкциядағы тұлға SDN тізімінен шығарылғанға дейін немесе осындай санкциядағы Тұлға немесе санкциядағы Тұлға елі қандай да бір санкциялардың/шектеулердің объектісі немесе мақсаты болуды тоқтатқанға дейін, немесе басқа Тарапқа қандай да бір өтемақысыз күнтізбелік 30 (отыз) күн бұрын жазбаша хабарлай отырып, осы себеппен оның қолданысын дереу тоқтатуға құқылы.

7. Тараптардың жауапкершілігі

7.1. Шарт бойынша міндеттемелерді орындамағаны және/немесе тиісінше орындамағаны үшін Тараптар Қазақстан Республикасының заңнамасына және Шартқа сәйкес жауапты болады.

7.2. Өнім берушінің жауапкершілігі:

7.2.1. Шарттың талаптарына сәйкс Тауарлардағы елішілік құндылықтың нақты үлесін есептеу ұсынылмаған жағдайда, Өнім беруші Тапсырыс берушіге мерзімі өткен әрбір күн үшін Шарт сомасының 10%-нан аспайтын, бірақ Шарт сомасының 0,1% мөлшерінде өсімпұл төлейді.

7.2.2. Шарт бойынша Тауар жеткізілмеген/жеткіліксіз жеткізілген жағдайда немесе Өнім беруші Шартта келісілген Тауарды жеткізу мерзімдерін бұзған жағдайда, Өнім беруші Тапсырыс берушіге Тауарды жеткізуді кешіктірген әрбір күнтізбелік күн үшін уақытында жеткізілмеген Тауар құнының ____% мөлшерінде, бірақ орындалмаған міндеттеменің жалпы сомасының 10% аспайтын өсімақы төлейді. Өсімақы мөлшерін шарттың жалпы сомасына байланысты қолдану (қажетті нұсқаны таңдау) - а) 1% (шарт 5 000 000 теңгеге дейін сомаға жасалған жағдайда, қоса алғанда); - б) 0,5% (шарт 5 000 000 теңгеден бастап 30 000 000 теңгеге дейін жасалған жағдайда, қоса алғанда)

7.2.3. Өнім беруші осы Шарттың талаптарына сәйкес анықталған кемшіліктерді жою мерзімдерін бұзған жағдайда, Тапсырыс беруші мерзімін кешіктірген әрбір күнтізбелік күн үшін Шарттың жалпы сомасының ____% мөлшерінде, бірақ орындалмаған міндеттеменің жалпы сомасының 10% аспайтын тұрақсыздық айыбын талап етуге құқылы, ал Өнім беруші Тапсырыс берушіге төлеуге міндетті. Өсімақы мөлшерін шарттың жалпы сомасына байланысты қабылдау қажет (қажетті нұсқаны таңдау) - а): 1% (5 000 000 теңгеге дейінгі сомаға шарттар жасаған кезде,қоса алғанда); - б) 0,5% (5 000 000 теңгеден 30 000 000 теңгеге дейін шарттар жасаған кезде, қоса алғанда); - в) 0,3% (30 000 000 теңгеден артық сомаға шарттар жасаған кезде).

7.2.4. Шарттың талаптарына сәйкес келмейтін Тауарды және/немесе Тапсырыс берушіге қабылдау үшін Тауарды берген жағдайда, оның ішінде, бірақ онымен шектелмей, сапасыз Тауарды жеткізген жағдайда, Өнім беруші:

7.2.4.1. Тапсырыс берушіге Шарт талаптарына сәйкес келмейтін Тауар құнының 10% мөлшерінде айыппұл төлейді, бұдан басқа, Тапсырыс беруші Шарт талаптарына

7.2.4.2. Тапсырыс беруші Өнім берушіге талап (бұдан әрі-Талап) жіберген күннен бастап күнтізбелік 30 (отыз) күн ішінде Тапсырыс берушіге Шарт талаптарына сәйкес келмейтін Тауарды өз есебінен ауыстыруға міндеттенеді. Талап орындалған жағдайда Шарт бойынша тараптардың тиісті актілерге қол қойған күні тауарды жеткізу күні болып есептеледі.

7.2.4.3. Тапсырыс берушіге Шарттың талаптарына сәйкес келмейтін Тауарды жеткізу себебіне байланысты және / немесе туындаған барлық шығындарды өтейді.

Осы құжат Қазақстан Республикасы Цифрлық кодексінің 62 бабының 2 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей

Данный документ согласно пункту 2 статьи 62 Цифрового кодекса Республики Казахстан равнозначен документу на бумажном носителе

7.2.5. Қазақстан Республикасының резиденттерімен жасалатын шарттар үшін 7.2.5 Шарт бойынша кез келген міндеттемені тиісінше орындамаған (Тауарды жеткізу мерзімдерін бұзу және/немесе сапасы тиіссіз Тауарды жеткізу, Өнім берушінің кінәсі бойынша Шартты бұзу) жағдайда, Өнім беруші есептелген тұрақсыздық айыбын, шығынды соңғы есеп айырысу кезінде жеткізілген Тауар үшін төлеуге жататын сомадан шығару (Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің 9-бабы 4-тармағына сәйкес) құқығын Тапсырыс берушіге береді. Өнім беруші бұл сомаға Шарт бойынша төлемді кешіктіргені үшін тұрақсыздық айыбын есептемейді. Бұл ретте, Тапсырыс беруші Өнім берушіге Өнім берушінің міндеттемені бұзғаны және есептелген тұрақсыздық айыбын, шығынды жеткізілген Тауарлар үшін төлеуге жататын сомадан шығарғаны (Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің 9-бабы 4-тармағына сәйкес) туралы хатты (хабарламаны) жолдайды. Бейрезиденттермен жасалатын шарттар үшін 7.2.5 Шарт бойынша кез келген міндеттемені тиісті түрде орындамаған (Тауарды жеткізу мерзімдерін бұзу және/немесе сапасы тиіссіз Тауарды жеткізу, Өнім берушінің кінәсі бойынша Шартты бұзу) жағдайда, Өнім беруші есептелген тұрақсыздық айыбын, шығынды соңғы есеп айырысу кезінде жеткізілген Тауар үшін төлеуге жататын сомадан шығару (Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің 9-бабы 4-тармағына сәйкес) құқығын Тапсырыс берушіге береді. Өнім беруші бұл сомаға Шарт бойынша төлемді кешіктіргені үшін тұрақсыздық айыбын есептемейді. Бұл ретте, Тапсырыс беруші Өнім берушіге Өнім берушінің міндеттемені бұзғаны және есептелген тұрақсыздық айыбын, шығынды жеткізілген Тауарлар үшін төлеуге жататын сомадан шығарғаны (Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің 9-бабы 4-тармағына сәйкес) туралы хатты (хабарламаны) жолдайды. Осы тармақтағы залалдар деп құқығы бұзылған тұлға жүргізген немесе жүргізуі тиіс шығындар, оның мүлкінің жоғалуы немесе бүлінуі (нақты залал), сондай-ақ егер оның құқығы бұзылмаған болса, бұл тұлға айналымның қалыпты жағдайларында алуы тиіс алынбаған кірістері түсіндіріледі (алынбай қалған пайда).

7.2.6. ҚҚС төлеушілері үшін 7.2.6 Өнім беруші Тапсырыс берушінің атына осы Шарт бойынша туындайтын сатулар бойынша айналымдарды ҚҚС бойынша салық есептілігінде уақытында көрсетіп отыруға міндеттенеді және шот-фактуралардың салық заңнамасының талаптарына сәйкес дұрыс және анық толтырылуы үшін жауапты болады. Өнім беруші салықтық міндеттемелер бойынша талап қою мерзімі ішінде қайтаруға ұсынылған ҚҚС сомаларының анықтығын растау мәселелері бойынша салықтық тексерулерді өткізу барысында Тапсырыс берушімен өзара есеп айырысуларды растауға міндеттенеді. Жоғарыда аталған міндеттемелерді қадағаламаған жағдайда, Өнім беруші салық заңнамасының талаптарына сәйкес қайтарудан шығарылған ҚҚС сомаларын өтеп беруге міндеттенеді.

7.2.7. 7 Өнім беруші ҚОҚМЖ және ДСжЕҚҚМЖ талаптарын сақтауға жауапты болады.

7.2.8. Шарт және ұзақ мерзімді шарттар жасалғанға дейін контрагенттің анкетасын ұсынбаған контрагенттер үшін 7.2.8 Осы Шарттың талаптарына сәйкес Контрагент анкетасын ұсынбаған немесе уақытында ұсынбаған жағдайда, Тапсырыс беруші Өнім берушіден осы Шарт сомасының 5% мөлшерінде айыппұлды төлеуін талап етуге құқылы.

7.2.9. Тауардағы елішілік құндылық жөнінде анық емес ақпарат ұсынылған жағдайда, Өнім беруші Тапсырыс берушіге келесі мөлшерде айыппұл төлейді. Айыппұл мөлшерін шарттың жалпы сомасына байланысты қолдану қажет (қажетті нұсқаны таңдау) - а) Шарттың жалпы сомасының 5% (5 000 000 теңгеге дейінгі сомаға шарт жасалса, қоса алғанда); - б) Шарттың жалпы сомасының 3% (5 000 000 теңгеден 30 000 000 теңгеге дейінгі сомаға шарт жасалса, қоса алғанда); - в) Шарттың жалпы сомасының 1% (30 000 000 теңгеден артық сомаға шарт жасалса .

7.2.10. Өнім беруші Шарттың елеулі талаптарын бұзған жағдайда (Өнім берушінің Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындаудан бас тартуы), Шарттың 11-бөлімінде көзделген жағдайларды қоспағанда, Өнім беруші Тапсырыс берушіге орындалмаған міндеттеме сомасының 20% мөлшерінде айыппұл төлеуге міндетті.

7.2.11. Шарт шеңберінде ҚР аумағына тауарларды әкелу көзделген бейрезиденттермен жасалатын шарттар үшін 7.2.13 Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы Кодексінің 283-1-бабына сәйкес Тапсырыс берушіні әкімшілік жауаптылыққа тартуға әкеп соққан Шарттың 4.1.35-тармақшасы бұзылған жағдайда, Өнім беруші осы бұзушылыққа байланысты Тапсырыс берушінің залалдарын өтеуге міндеттенеді.

7.2.12. Өнім беруші және/немесе Өнім берушінің жұмыскері өткізу және объектішілік режимдерді бұзған кезде Өнім беруші Тапсырыс берушіге әрбір тіркелген бұзушылық жағдайы үшін келесі мөлшерде айыппұл төлейді. Айыппұл мөлшерін шарттың жалпы сомасына байланысты қолдану (қажетті нұсқаны таңдау) - а) әрбір тіркелген бұзушылық жағдайы үшін шарттың жалпы сомасының 10% - сомасы 5 000 000 теңгеден шарттар жасасу кезінде; - б) әрбір тіркелген бұзушылық жағдайы үшін шарт 100 АЕК - сомасы 5 000 000 теңгеден артық шарттар жасасу кезінде.

7.2.13. Егер шарт сатып алынатын Тауардың тауар өндірушісімен (Қордың тауар өндірушілерінің тізілімінде тұрған тауар өндіретін өнім беруші) жасалса 7.2.15 Өнім беруші Шарттың талаптарына сәйкес қазақстандық тауар өндірушілер тізілімінен үзінді көшірмені ұсынбаған жағдайда, Өнім беруші Шарттың жалпы құнының 20% мөлшерінде айыппұл түрінде жауапты болады, оны Өнім беруші тараптар жеткізілген тауарды қабылдау-табыстауды растайтын тиісті қабылдау-табыстау актісіне қол қойғанға дейін төлеуі тиіс. Бұл ретте тиісті мәліметтерді Тапсырыс беруші Сатып алу жөніндегі қордың операторына Өнім берушінің осы міндеттемені орындамау фактісі анықталған күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде жібереді, өнім берушіні Қордың тауар өндірушілер тізілімінен шығару үшін растайтын құжаттармен бірге жіберіледі.

7.2.14. Өнім беруші/Мердігер/Орындаушы факторинг шартын жасағаны туралы «ҮМЗ» АҚ уақтылы хабарламаған жағдайда Өнім беруші/Мердігер/Орындаушы «ҮМЗ» АҚ-ға шарттың/келісімшарттың/келісімнің жалпы сомасының 10% -ы мөлшерінде айыппұл төлеуге міндеттенеді;

Осы құжат Қазақстан Республикасы Цифрлық кодексінің 62 бабының 2 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей

Данный документ согласно пункту 2 статьи 62 Цифрового кодекса Республики Казахстан равнозначен документу на бумажном носителе

7.2.15. «ҮМЗ» АҚ-мен цессияны тиісінше келісу болмаған жағдайда Өнім беруші/Мердігер/Орындаушы «ҮМЗ» АҚ-ға шарттың/келісімшарттың/келісімнің жалпы сомасының 10% -ы мөлшерінде төлеуге міндеттенеді.

7.3. Тапсырыс берушінің жауапкершілігі:

7.3.1. Шарт бойынша төлемді негізсіз кешіктірілген жағдайда (соның ішінде аванстық төлемдер), Тапсырыс беруші Өнім берушіге мерзімі өткен әрбір күнтізбелік күн үшін берешек сомасының ___% мөлшерінде, бірақ орындалмаған міндеттеменің жалпы сомасының 10% аспайтын өсімақы төлейді. Өсімақы мөлшерін шарттың жалпы сомасына байланысты қабылдау қажет (қажетті нұсқаны таңдау) - а): 1% (5 000 000 теңгеге дейінгі сомаға шарттар жасаған кезде,қоса алғанда); - б) 0,5% (5 000 000 теңгеден 30 000 000 теңгеге дейін шарттар жасаған кезде, қоса алғанда); - в) 0,3% (30 000 000 теңгеден артық сомаға шарттар жасаған кезде).

7.3.2. Тапсырыс беруші қабылдау-тапсыру актісіне қол қоюды кешіктірген жағдайда, Тапсырыс беруші Өнім берушіге әрбір күнтізбелік күн үшін кешіктірген соманың ___% мөлшерінде, бірақ орындалмаған міндеттеме сомасының 10% аспайтын өсімақы төлейді. Өсімақы мөлшерін шарттың жалпы сомасына байланысты қабылдау қажет (қажетті нұсқаны таңдау) - а): 1% (5 000 000 теңгеге дейінгі сомаға шарттар жасаған кезде,қоса алғанда); - б) 0,5% (5 000 000 теңгеден 30 000 000 теңгеге дейін шарттар жасаған кезде, қоса алғанда); - в) 0,3% (30 000 000 теңгеден артық сомаға шарттар жасаған кезде).

7.3.3. Қазақстан Республикасының резиденттерімен жасалатын шарттар үшін 7.4.3 Тапсырыс беруші Шарттың елеулі талаптарын бұзған жағдайда (Тапсырыс берушінің Шартты біржақты тәртіппен орындаудан бас тартуы), Тәртіптің 65-бабының 6-тармағында көзделген жағдайларды қоспағанда, Тапсырыс беруші Өнім берушіге орындалмаған міндеттеме сомасының 20% мөлшерінде айыппұл төлеуге міндетті.

7.3.4. Бейрезиденттермен жасалатын шарттар үшін 7.4.4 Тапсырыс беруші Шарттың елеулі талабын бұзған жағдайда (Тапсырыс беруші Шартты орындаудан бір жақты тәртіпте бас тартқан жағдайда) Тәртіптің 8.3-тармағында көзделген жағдайлардан басқа, Тапсырыс беруші Өнім берушіге орындалмаған міндеттеменің жалпы сомасының 20% мөлшерінде айыппұл төлеуге міндетті.

7.4. Шарт бойынша өз міндеттемелерін бұзған әр жағдай үшін, Шарттың 7.2-тармағы (Өнім берушінің жауапкершілігі) және 7.4-тармағы (Тапсырыс берушінің жауапкершілігі) бойынша жауапкершіліктен басқа, кінәлі Тарап

7.5. Өнім беруші Шарт бойынша өзінің міндеттемелерін бұзған жағдайда, Тапсырыс беруші «Самұрық-Қазына» АҚ-ның сенімсіз әлеуетті өнім берушілерінің (өнім берушілерінің) тізбесіне Өнім беруші туралы мәліметті енгізу үшін сатып алу мәселесі жөніндегі уәкілетті органға ақпаратты белгіленген тәртіппен жолдайды.

7.6. Тұрақсыздық айыбын (айыппұлды, өсімпұлды) төлеу Тараптарды осы Шартпен қарастырылған міндеттемелерді орындаудан босатпайды.

7.7. Шарттың 7.8-тармағы бойынша айыппұлды төлеуге негіз ретінде кінәлі Тараптың мекенжайына жолданатын тиісті актілер, шоттар болып табылады. Кінәлі Тарап келісілген сомаларды екінші Тараптың есептік шотына төлемге шот алған күннен бастап 10 (он) жұмыс күн ішінде ақшалай қаражатты аудару арқылы төлейді.

7.8. Осы Шарт мерзімінен бұрын бұзылған немесе бір Тарап Шартты орындаудан бас тартқан (Шарттан бас тартқан) жағдайда, екінші Тарап жазбаша хабарлама алған күннен бастап 10 (он) күнтізбелік күн ішінде осы Шарттың 7-бөлімінде көзделген тұрақсыздық төлемін төлеуге міндетті.

7.9. Бейрезиденттермен жасалатын шарттар үшін 7.11 Қазақстан Республикасының 25.12.2017 ж. № 120-VI Салық кодексіне (ҚР СК 644-645-баптары) сәйкес Өнім берушінің тұрақсыздық төлемі және санкциялардың басқа түрлері түріндегі табысына 20% мөлшерлеме бойынша төлем көзінен табыс салығы салынады (ҚР СК 646-бабы). Шарттың осы тармағында Шарт бойынша қабылданған шарттарды бұзған Тапсырыс берушіден алынатын Шартта көзделген, құжат түрінде бекітілген тұрақсыздық төлемдері санкциялар деп түсініледі.

8. Шартты өзгерту, бұзу тәртібі

8.1. Осы Шартқа өзгерістер мен толықтырулар енгізу Қазақстан Республикасының заңнамасына және Тәртіпке сәйкес жүзеге асырылады.

8.2. Жобаға не сатып алу туралы жасалған шартқа өткізілетін (өткізілген) сатып алу талаптарының мазмұнын және/немесе Өнім берушіні таңдау үшін негіз болған ұсынысты өзгерте алатын өзгерістерді Тәртіптің тиісті тармағында(тарында) көзделмеген өзге де негіздер бойынша енгізуге жол берілмейді.

8.3. Тапсырыс беруші шартты орындаудан біржақты тәртіппен мынадай жағдайларда ғана бас тартуға құқылы: 1) Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің 40- бабы 2-тармағында көзделген; 2) Өнім беруші өз міндеттемелерін бұзған кезде; 3) тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді сатып алудың негізді орынсыздығына байланысты; 4) консультациялық қызметтерді сатып алу туралы шартты орындау барысында Тапсырыс беруші әлеуетті өнім берушінің мүдделер қақтығысының болмауы туралы дұрыс емес ақпаратты және/немесе жалған мәліметтерді ұсынуын анықтаған. Бұл ретте Тапсырыс беруші Өнім берушінің сатып алу туралы шарттың талаптарына сәйкес залалдарды өтеуін талап етуге құқылы; 5) Тәртіптің 31-бабы 1-тармағында көрсетілген; 6) сатып алу туралы шарт тараптарының бірі Шарттың талаптарында көзделген сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі міндеттемелерді бұзған кезде; 7) Тәртіпте анықталған басқа жағдайларда. Тауарларды, жұмыстарды, қызметтерді сатып алудың негізделген орынсыздығына байланысты Тапсырыс беруші Өнім берушіге нақты іс жүзінде шеккен шығыстарын төлеген жағдайда Сатып алу туралы шартты орындаудан бас

Осы құжат Қазақстан Республикасы Цифрлық кодексінің 62 бабының 2 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей

Данный документ согласно пункту 2 статьи 62 Цифрового кодекса Республики Казахстан равнозначен документу на бумажном носителе

тартуға жол беріледі.

8.4. Сатып алуда «Самұрық-Қазына» АҚ-ның құрылымдық бөлімшесі атынан сатып алуды жүзеге асыру мәселелері жөніндегі уәкілетті орган бұзушылықтарды анықтаған жағдайда Тапсырыс берушінің жасалған шартты біржақты тәртіппен бұзуына және (немесе) бас тартуына жол берілмейді. Бұл жағдайда Шарт тараптардың өзара келісімі бойынша ҚР заңнамасының талаптарына сәйкес және Өнім берушіген Шарт бұзылған күнге нақты жұмсалған шығыстарды төлеу кезінде бұзылуы мүмкін.

8.5. Егер Шарт Тапсырыс берушінің кінәсінен бұзылған жағдайда, Өнім беруші Тапсырыс берушіден келтірілген залалдарды және Шарт талаптарын тиісінше орындамау салдарынан туындаған шығындарды, сондай-ақ қойылған өсімпұл мен айыппұл сомасын қаржылық өтеуді талап етуге құқығы бар.

8.6. Шартты бұзу немесе Шартты орындаудан бас тарту (Шарттан бас тарту) туралы Тапсырыс беруші Өнім берушіге жазбаша хабарлама арқылы ескертеді. Хабарламада Шартты бұзу немесе Шартты орындаудан бас тарту (Шарттан бас тарту) себебі, күшіне ену күні көрсетілуі тиіс. Бұл ретте Шартты бұзу немесе Шартты орындаудан бас тарту (Шарттан бас тарту) туралы хабарлама Өнім берушіге Шартты бұзу немесе Шартты орындаудан бас тарту (Шарттан бас тарту) болжамды күніне дейін 10 күнтізбелік күннен кешіктірмей жолдануы тиіс. Шартты бұзу немесе Шартты орындаудан бас тарту (Шарттан бас тарту) күшіне ену күні ретінде Тапсырыс беруші хабарламада көрсеткен күн болып табылады. Хабарлама Өнім берушінің электронды поштасына немесе заңды мекенжайына жеткізілген болса, алынды деп танылады.

8.7. Шартты бұзған не Шартты орындаудан бас тартқан (шарттан бас тартқан) жағдайда Тапсырыс беруші Шарттың 8.3.3-тармақшасында көзделген жағдайларды қоспағанда, Шартты бұзуға не Шартты орындаудан бас тартуға (шарттан бас тартуға) байланысты туындаған Өнім берушінің шығындары үшін жауапты болмайды.

8.8. Шарт тараптарының бірі Шарт талаптарында көзделген сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі міндеттемелерді бұзған жағдайда, екінші Тарап Шартты біржақты тәртіппен бұзуға немесе Шартты орындаудан бас тартуға (шарттан бас тартуға) құқылы. Шартты бұзу немесе Шартты орындаудан бас тарту (Шарттан бас тарту) туралы Тарап екінші Тарапқа жазбаша хабарлама арқылы ескертеді. Хабарламада Шартты бұзу немесе Шартты орындаудан бас тарту (Шарттан бас тарту) себебі, күшіне ену күні көрсетілуі тиіс. Бұл ретте Шартты бұзу немесе Шартты орындаудан бас тарту (Шарттан бас тарту) туралы хабарлама екінші Тарапқа Шартты бұзу немесе Шартты орындаудан бас тарту (Шарттан бас тарту) болжамды күніне дейін кемінде 10 (он) күнтізбелік күн бұрын жолдануы тиіс. Шартты бұзу немесе Шартты орындаудан бас тарту (Шарттан бас тарту) күшіне ену күні ретінде хабарламада көрсетілген күн болып табылады. Хабарлама, егер ол электрондық поштасына немесе заңды мекенжайына жеткізілсе, осы күндердің қайсысы ертерек келетініне байланысты алынған болып саналады. Шарттың осы тармағының бірінші абзацында көрсетілген жағдайда Шартты бұзу (бас тарту) үшін екінші Тараптың қосымша келісімі талап етілмейді.

8.9. Тауарларды, жұмыстарды, қызметтерді сатып алудың негізделген қолайсыздығына байланысты Тапсырыс беруші Өнім берушіге нақты шеккен шығыстарын төлеген жағдайда Шартты орындаудан бас тартуға жол беріледі.

9. Хат-хабар

9.1. Шартқа сәйкес бір Тарап екінші Тарапқа жіберетін кез келген хабарлама хат, жеделхат, телекс, факс немесе электрондық хабарлама (графикалық түсті форматта сканерленген түпнұсқасы) түрінде жіберіледі, кейіннен түпнұсқасы ұсынылады (Шарттың 3.1, 8.5, 13-тармақтарында көзделген жағдайларды қоспағанда).

9.2. Деректемелердің өзгергені туралы Тараптар бір-бірін 3 жұмыс күні ішінде жазбаша хабардар етеді және белгіленген тәртіппен осы Шартқа тиісті қосымша келісімді ресімдейді.

9.3. Хабарлама (Шарттың 3.1 және 8.5-тармақтарында көзделген жағдайларды қоспағанда) жеткізілгеннен кейін немесе хабарламада көрсетілген басқа күні, осы күндердің қайсысы кеш келетініне байланысты күшіне енеді.

10. Шарттың қолданылу мерзімі

10.1. Қазақстан Республикасының резиденттерімен және ҚҚС төлеушілерімен жасалған шарттар үшін Өнім беруші Шарт бойынша міндеттемелерді толық орындағанға дейін қолданылу мерзімімен банк кепілдігін берген жағдайда, жеткізу күні - Шарттың қолданылу мерзімі аяқталғанға дейін кемінде күнтізбелік 2 (екі) ай бұрын. 10.1 Осы Шарт оған екі Тарап та қол қойған күннен бастап күшіне енеді және _____20___ж. дейін қолданылады. Шартқа кейінірек қол қоятын Тараптың қол қойған күні осы Шартқа қол қойылған күн болып есептеледі. Өнім берушінің Шарттың 7.2.6-тармақшасы бойынша жауапкерлішігі бөлігінде Шарт салықтық заңнамаға сәйкес талап қою мерзімі кезеңінде әрекет етеді. Тараптардың өзара есеп айырысу бөлігінде және Өнім берушінің Шарттың 6-бөлімі, 7.2.3-тармақшасы бойынша міндеттемелері мен жауапкершілігі бөлігінде Шарт Тараптар көрсетілген міндеттемелерін толық орындағанға дейін әрекет етеді.

10.2. ҚҚС төлеушісі болып табылмайтын Қазақстан Республикасының резиденттерімен, бейрезиденттермен жасалған шарттар үшін Өнім беруші Шарт бойынша міндеттемелерді толық орындағанға дейін қолданылу мерзімімен банк кепілдігін берген жағдайда, жеткізу күні - Шарттың қолданылу мерзімі аяқталғанға дейін кемінде күнтізбелік 2 (екі) ай бұрын. 10.1 Осы Шарт оған тараптар қол қойған күннен бастап жасалды деп саналады және күшіне енеді және 20___ ж. ____аралығында қолданылады. Шартқа кейінірек қол қоятын Тараптың қол қойған күні осы Шартқа қол қойылған күн болып есептеледі. Тараптардың өзара есеп айырысу бөлігінде және Өнім берушінің Шарттың 6-бөлімі, 7.2.3-тармақшасы бойынша міндеттемелері мен жауапкершілігі бөлігінде Шарт Тараптар көрсетілген міндеттемелерін

Осы құжат Қазақстан Республикасы Цифрлық кодексінің 62 бабының 2 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей

Данный документ согласно пункту 2 статьи 62 Цифрового кодекса Республики Казахстан равнозначен документу на бумажном носителе

толық орындағанға дейін әрекет етеді.

11. Еңсерілмейтін күш жағдайлары (Форс-мажор)

11.1. Егер кешіктіру еңсерілмейтін күш мән-жайларымен байланысты болса Тараптар Шарт талаптарын орындамағаны үшін жауапты болмайды (төленген аванстық сомаларды қайтару бойынша міндеттерді қоспағанда).

11.2. Еңсерілмейтін күш мән-жайларына стихиялық сипаттағы құбылыстар: Тараптардың кінәсінен болмаған су тасқыны, жер сілкінісі, өрт, дауыл, авариялар, сондай-ақ қоғамдық құбылыстар: әскери іс-қимылдар, блокадалар, осы Шарттың талаптарын орындауға кедергі келтіретін биліктің заң шығарушы және атқарушы органдарының шешімдері жатады.

11.3. Еңсерілмейтін күш мән-жайларының басталуы туралы Тараптар осындай мән-жайлар және олардың себептері туралы олар басталған сәттен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде бір-біріне жазбаша хабарлауы тиіс. Еңсерілмейтін күш мән-жайлары туралы екінші Тарапқа олар басталған кезден бастап күнтізбелік 5 (бес) күн ішінде хабарламау осындай мән-жайлардың әрекетіне түскен Тарапты осы Тараптың осы Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындамауының негізі ретінде оларға сүйену құқығынан айырады. Егер тараптан өзге жазбаша нұсқаулықтар келіп түспесе, еңсерілмес күш мән-жайларына сүйенген екінші Тарап шарт бойынша өз міндеттемелерін мүмкіндігінше орындауды жалғастырады және еңсерілмес күш мән-жайларына байланысты емес Шартты орындаудың баламалы тәсілдерін іздеуді жүргізеді. Бұл жағдайда шарт бойынша міндеттемелерді орындау мерзімдері, егер олар бүкіл шарттың немесе еңсерілмейтін күш мән-жайлары басталғаннан кейін орындалуға жататын оның бөлігінің мерзімінде орындалуына елеулі әсер етсе, осы мән-жайлардың қолданылу уақытына мөлшерлес ұзартылады.

11.4. Еңсерілмейтін күш мән-жайларына сүйенген Тарап оларды растау үшін тиісті уәкілетті орган берген құжатты ұсынуға міндетті.

11.5. Тиісті растамасы бар еңсерілмес күш мән-жайлары туындаған жағдайда Тараптар Шарт бойынша міндеттемелердің орындалуын тоқтата тұрады, қажет болған кезде нақты көрсетілген Қызметтер үшін өзара есеп айырысулар жүргізеді.

11.6. Егер еңсерілмейтін күш мән-жайлары бір айдан артық уақытқа созылса, Тараптардың кез келгені қабылданған шешім туралы екінші Тарапқа хабарлай отырып, Шартты толық немесе ішінара бұзуға құқылы.

11.7. Еңсерілмейтін күш мән-жайлары туындаған кезде Шарт бұзылған жағдайда, Өнім беруші Шартты бұзу күніне жұмсалған нақты шығындар үшін ғана төлемді талап етуге құқылы.

12. Дауларды шешу тәртібі

12.1. Тараптар Шарт бойынша немесе соған байланысты олардың арасында туындайтын барлық келіспеушіліктерді немесе дауларды тікелей келіссөздер үдерісінде шешуге барлық күш-жігерін салуға тиіс.

12.2. Кінәрат-талаптық тәртіпті қадағалау Тараптар үшін міндетті болып табылады. Атына кінәрат-талап жіберілген Тарап оны қарауға және кінәрат-талапты алған сәттен бастап 15 (он бес) күнтізбелік күннен кешіктірмей екінші Тарапқа жазбаша жауап жолдауға міндетті.

12.3. Тараптар келісімге келе алмаған даулар Тапсырыс берушінің орналасқан жері бойынша Қазақстан Республикасының сот органдарында қаралады.

12.4. Шартты орындау және дауларды қарау кезінде Қазақстан Республикасының заңнамасы қолданылатын құқық болып табылады.

13. Міндеттемелерді орындауды бақылау

13.1. Өнім беруші «ҮМЗ» АҚ Шарт бойынша жауапты тұлғасының сұрауы бойынша - LyalinaKN@ulba.kz электронды поштасынан осы Шарттың «Тараптардың тұрғылықты жері және деректемелері» бөлімінде/Веб-порталда көрсетілген электронды поштасына жолданған, бірақ шектелусіз (бұдан әрі – Сұрау), растаушы құжаттардың көшірмесін (дайындаушы-зауытпен шарт, дайындаушы-зауытқа төлем шот, төлем тапсырмасы, тауарды жіберуге жүккұжат (инвойс, CMR және т.б.), тауар-көлік құжаттары, кедендік декларация, тасымалдаушы-компания тауарды қабылдау акті және басқаШарт бойынша міндеттемелерді орындауды растайтын, сонымен қатар өндіруші болып табылмайтын тауарлардың шығарылу заңдылығы туралы қажетті құжаттар (бұдан әрі – Шартты орындауды растайтын құжаттар) ұсынады.

13.2. Өнім беруші сұрату жеткізілген күннен бастап (электронды поштаға не заңды мекенжайына) 3 (үш) жұмыс күн ішінде Сұрату алу туралы растауды еркін нысанда ресімделетін Сұрату алу туралы Хабарлама (Сұрату алу туралы Хабарлама) жолдау арқылы ұсынады. Сұрату алу туралы Хабарлама алғаннан соң Өнім беруші 3 (үш) жұмыс күн ішінде Шартты орындауды растаушы құжаттарды ұсынуға міндетті. Көрсетілген мерзім ішінде Сұратуды алу туралы Хабарламаны не Шартты орындауды растаушы құжаттарды жолдамаған жағдайда Тапсырыс беруші сұратуды қайта жолдайды.

13.3. Осы Шарттың 13.2-тармағында көзделген мерзімде Сұратуды алу туралы хабарламаны және/не Шартты орындауды растаушы құжаттарды қайталап бермеу Өнім берушінің Шартта көзделген мерзімде Тауарды жеткізу бойынша міндеттемелерін орындай алмауға растаушы факт болып табылады.

13.4. Осы Шарттың 13.3-тармағында көзделген жағдайларда Өнім берушіге қандай да бір салдарсыз Тапсырыс беруші осы Шартты

Осы құжат Қазақстан Республикасы Цифрлық кодексінің 62 бабының 2 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей

Данный документ согласно пункту 2 статьи 62 Цифрового кодекса Республики Казахстан равнозначен документу на бумажном носителе

біржақты тәртіпте бұзуға құқылы.

14. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл

14.1. Осы Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындау кезінде Тараптар және олардың жұмыскерлері қандай да бір заңсыз басымдықтарды немесе өзге де заңсыз мақсаттарды алу мақсатында осы тұлғалардың іс-әрекеттеріне немесе шешімдеріне ықпал ету үшін кез келген тұлғаларға тікелей немесе жанама түрде қандай да бір ақшалай қаражатты немесе құндылықтарды төлемейді, төлеуді ұсынбайды және төлеуге рұқсат бермейді.

14.2. Осы Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындау кезінде Тараптар және олардың жұмыскерлері осы Шарт мақсаттары үшін қолданылатын заңнамада пара беру/алу, коммерциялық параға сатып алу ретінде сараланатын іс-әрекеттерді, сондай-ақ қолданыстағы заңнаманың және қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) қарсы іс-қимыл туралы халықаралық актілердің талаптарын бұзатын іс-әрекеттерді жүзеге асырмайды.

14.3. Осы Шарт Тараптарының әрқайсысы басқа Тараптың жұмыскерлерін қандай да бір жолмен, оның ішінде ақшалай сомалар, сыйлықтар беру, олардың атына жұмыстарды (көрсетілетін қызметтерді) өтеусіз орындау арқылы және жұмыскерді белгілі бір тәуелділікке қоятын және осы жұмыскердің оны ынталандыратын іс-әрекеттің пайдасына қандай да бір іс-әрекеттерді орындауын қамтамасыз етуге бағытталған басқа да тәсілдермен ынталандырудан бас тартады.

14.4. Тарапта қандай да бір Сыбайлас жемқорлыққа қарсы шарттардың бұзылуы орын алды немесе орын алуы мүмкін деген күдік туындаған жағдайда тиісті Тарап екінші Тарапты жазбаша нысанда хабардар етуге міндеттенеді.

14.5. Жазбаша хабардар етуде Тарап контрагенттің, оның жұмыскерлерінің осы шарттардың қандай да бір ережелерін бұзғаны немесе бұзуы мүмкін екенін нақты растайтын немесе болжауға негіз беретін, пара беру немесе алу, коммерциялық пара беру сияқты қолданыстағы заңнамамен сараланатын іс-әрекеттерде, сондай-ақ қолданылатын заңнаманың және қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға қарсы іс-қимыл туралы халықаралық актілердің талаптарын бұзатын іс-әрекеттерде көрініс табатын фактілерге сілтеме жасауға немесе материалдарды ұсынуға міндетті.

14.6. Осы Шарттың Тараптары сыбайлас жемқорлықтың алдын алу жөніндегі рәсімдердің жүргізілуін таниды және олардың сақталуын бақылайды. Бұл ретте Тараптар сыбайлас жемқорлық қызметіне тартылуы мүмкін контрагенттермен іскерлік қатынастар тәуекелін азайту үшін ақылға қонымды күш-жігер жұмсайды, сондай-ақ сыбайлас жемқорлықтың алдын алу мақсатында бір-біріне өзара жәрдем көрсетеді.

14.7. Тараптар сыбайлас жемқорлық қызметіне Тараптарды тарту тәуекелдерін болдырмау мақсатында комплаенс тексерулер жүргізу жөніндегі рәсімдердің іске асырылуын қамтамасыз етуге міндеттенеді.

14.8. Тараптар Шарт талаптарында көзделген сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі міндеттемелерді Шарт тараптарының бірі бұзған кезде шартты біржақты тәртіппен орындаудан бас тартады.

14.9. Тапсырыс беруші Өнім берушіден Шарттың орындалу барысын талдау мақсатында Шарттың орындалуы бойынша мәліметтерді қамтитын кез келген құжаттарды сұратуға құқылы.

14.10. Осы Шарттың 14.4-тармағына сәйкес жазбаша хабарлама алған Тарап 10 күн мерзімде тергеу жүргізуге және оның нәтижелерін басқа Тараптың атына беруге міндетті.

14.11. Өнім беруші Шарттың осы бөлімінің қандай да бір ережелері бұзылды немесе болуы мүмкін деген күдік туындаған жағдайда, Өнім беруші бұл туралы Тапсырыс берушінің корпоративтік веб-сайтында орналастырылған Тапсырыс берушіні құпия хабардар ету көздері бойынша хабарлама жібере алады.

14.12. Тапсырыс беруші осы Шартты орындауға байланысты Өнім берушінің қызметіне, оның құжаттары мен жазбаларына өз қалауы бойынша тексеру жүргізу құқығын өзіне қалдырады. Тапсырыс беруші мұндай тексеру туралы жазбаша хабарламаны болжамды тексеру күніне дейін 20 (жиырма) жұмыс күнінен кешіктірмей беруге міндетті және оны дербес немесе үшінші тарапты тарта отырып жүргізе алады.

14.13. Өнім беруші Тапсырыс берушіден хабарламаны алған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күнінен кешіктірмей көрсетілген хабарламаны алғанын растауы және осындай хабарламаны алғаннан кейін 10 (он) жұмыс күні ішінде тексеру жүргізілген күнді растауы тиіс. Тексеру жүргізу кезінде Тапсырыс беруші немесе уәкілетті үшінші тарап осы Шартты жасау, орындау, бұзуға байланысты немесе оның шеңберінде Өнім берушінің жұмыскерлерінен сұхбат алуы мүмкін.

14.14. Егер тексеру нәтижесінде Өнім берушінің оларға берілген кепілдіктер мен куәліктерді бұзу жағдайлары анықталса, Өнім беруші көрсетілген анықтау күнінен бастап 10 (он) жұмыс күнінен кешіктірмей сәйкессіздіктерді жою бойынша шаралар қабылдауға және осындай шаралар туралы Тапсырыс берушіге жазбаша нысанда хабарлауға міндетті. Сәйкессіздіктерді жою жөніндегі шараларды Өнім беруші өз есебінен орындау тиіс.

14.15. 15 Егер Өнім беруші тексеру жүргізуден бас тартса немесе сәйкессіздіктерді немесе сәйкессіздікті жою бойынша шаралар қабылдамаса, онда Тапсырыс беруші бұзған Тарапқа тиісті жазбаша хабарлама жіберу арқылы осы Шартты орындаудан біржақты соттан

Осы құжат Қазақстан Республикасы Цифрлық кодексінің 62 бабының 2 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей

Данный документ согласно пункту 2 статьи 62 Цифрового кодекса Республики Казахстан равнозначен документу на бумажном носителе

тыс тәртіпте бас тартуға құқылы.

15. Құпиялылық

15.1. Тараптар осы Шартқа қол қою арқылы осы шарттың мазмұны, сондай-ақ төлем туралы ақпарат құпия болып табылмайтындығына және Қазақстан Республикасының уәкілетті органдары мен ұйымдарының Веб-порталында және/немесе өзге де ақпараттық жүйелерінде үшінші тұлғалар үшін қолжетімді екендігіне өз келісімін білдіреді. Осы Шарт бойынша Тараптар беретін және/немесе пайдаланатын өзге де құжаттама мен ақпарат құпия болып табылады және Тараптар екінші Тараптың алдын ала жазбаша келісімінсіз, Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында және Тәртіпте көзделген жағдайларды қоспағанда, осы ақпаратты үшінші тұлғаларға беруге құқылы емес. Осы тармақтың екінші абзацы Шарттың мәніне жататын мәселелерді іс жүзінде шешу мүдделерінде сотта қарау жағдайларына немесе мұндай жария ету Қазақстан Республикасының заңнамасында ұйғарылған не осыған уәкілеттік берілген мемлекеттік органдардың талап етуі бойынша жүзеге асырылатын жағдайларда қолданылмайды.

15.2. Өнім беруші Тапсырыс берушінің «Самұрық-Қазына» АҚ-ға Шарт бойынша ақпаратты, оның ішінде, бірақ онымен шектелмей, Тапсырыс берушіге қызмет көрсететін контрагент-банктердің байланыс арналарының талап етілетін хаттамаларын пайдалана отырып, «Самұрық-Қазына» АҚ-ның ақпараттық-талдау жүйесіне деректерді берудің қорғалған арнасы арқылы үзінді көшірмелер жіберу жолымен төлемнің деректемелері мен детальдары туралы ақпаратты ашуға құқығы бар екендігімен келіседі.

15.3. Осы Шарт бойынша қарым-қатынасқа 15.1.-тармақтың талаптары қолданылмайды.

15.4. Тапсырыс беруші Өнім берушінің алдын ала келісімінсіз Тапсырыс берушінің Жалғыз акционеріне құпия және өзге де қорғалатын ақпаратты беруге құқылы.

15.5. Егер ақпарат Тараптардың біреуінің коммерциялық құпиясына жатқызылса, 15.5-15.9-тармақтармен толықтырылсын. Бұл ретте 15.5-15.9-тармақтардың талаптары Тараптардың келісімі бойынша өзгертілуі мүмкін.

15.5.1. Осы Шарт бойынша Тараптар беретін және/немесе пайдаланатын, «Құпия немесе коммерциялық құпия» деген белгімен белгіленген өзге де құжаттама мен ақпарат құпия болып табылады және Тараптар Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында және Тәртіпте көзделген жағдайларды қоспағанда, екінші Тараптың алдын ала жазбаша келісімінсіз бұл ақпаратты үшінші тұлғаларға беруге құқылы емес.

15.5.2. Тараптар Шартта көзделген жағдайларды қоспағанда, алдын ала жазбаша келісімсіз Тараптардың бірінің құпия ақпаратын үшінші тұлғаларға жария етпеуге міндеттенеді. Тараптар Қазақстан Республикасының заңнамасында және осы Шартта көзделген тәртіппен құпия ақпаратты жария еткені үшін жауапты болады.

15.5.3. Тараптар құпия ақпаратты, олармен жасалатын мәмілелер мен операцияларды құзыретті мемлекеттік органдарға (оның ішінде сот органдарына) олардың жазбаша сұраулары бойынша, сондай-ақ көрсетілген органдар Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген іс-әрекеттерді жүзеге асырған кезде беруге келіседі.

15.5.4. Құпия деп белгіленген ақпарат тек осындай ақпаратқа қол жеткізу қажеттілігі осы Шарттың мақсатымен айқындалған Тараптардың мамандарына ғана қолжетімді болуы тиіс.

15.5.5. Тараптар құпия ақпаратпен алмасу тек жабық байланыс арналары немесе курьерлік пошта арқылы жүзеге асырылатынына келіседі.

15.5.6. Осы бөлімнің 15.2-15.9-тармақтарында көрсетілген Тараптардың құпиялықты сақтау бойынша міндеттемелері Шарттың қолданылу мерзімі аяқталған соң 5 (бес) жыл ішінде күшінде қалады.

16. Өнім берушіні комплаенс-тексеру

16.1. Шарттың 14-бөліміне сәйкес сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл шеңберінде Тапсырыс беруші өзіне Өнім берушіні комплаенс-тексеру құқығын қалдырады.

16.2. Өнім берушіні комплаенс-тексеру барысында Тапсырыс беруші Өнім берушіні ынтымақтастықтан бас тартуға негіз/теріс ақпарат/басқа мәліметтердің болуына, оның ішінде, бірақ бұлармен шектелмей, сыбайлас жемқорлық, ақшаның жылыстауы және лаңкестікті қаржыландырумен қоса қандай да бір заңсыз қызметке қатысы барын, Өнім берушінің, оның акционерлері/құрылтайшылары /қатысушылары, басшыларының ынтымақтастыққа тыйым салатын халықаралық санкцияға жататын тұлғалар тізімінде болуына тексереді.

17. Басқа талаптар

17.1. Осы Шарт мемлекеттік (егер шарт Қазақстан Республикасының бейрезиденттерімен жасалса, «қазақ тілінде» деп жазу керек) және орыс тілдерінде жасалған және Тараптардың уәкілетті тұлғаларымен электронды-цифрлық қолды (ЭЦҚ) пайдаланумен қол қойылған. Шарттың мемлекеттік (егер шарт Қазақстан Республикасының бейрезиденттерімен жасалса, «қазақ тілінде» деп жазу керек) және орыс тіліндегі мәтіндерінде келіспеушіліктер туған жағдайда Тараптар Шарттың орыс тіліндегі мәтініне жүгінеді. Тараптар осы электронды Шарттың заңды күшін таниды және өз қолымен қойылған қағаз тасымалдағыштағы шарттың күшіне тең деп таниды. Электронды

Осы құжат Қазақстан Республикасы Цифрлық кодексінің 62 бабының 2 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей

Данный документ согласно пункту 2 статьи 62 Цифрового кодекса Республики Казахстан равнозначен документу на бумажном носителе

Шарттың данасы «Самұрық-Қазына» АҚ электронды сатып алулар ақпараттық жүйесінде (https://zakup.sk.kz) сақталады және Тараптардың әрқайсысы электронды Шартқа кіру рұқсатына ие болады.

17.2. Осы Шартпен реттелмеген мәселелер Шартты орындау кезінде Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес шешіледі.

17.3. Тараптардың уәкілетті тұлғалар қол қойған, мөрмен куәландырылған және екінші Тарапқа электронды пошта (электронды хабарлама (графикалық түсті форматта сканерленген түпнұсқа) және/не факсимильді байланыс арқылы берілген құжаттарды түпнұсқаларын алғанға дейін Тараптар толыққанды заңды құжаттар ретінде мойындайтыны туралы келісті. Электронды пошта және/немесе факсимильді байланыс арқылы берілген құжаттарды алғанын көрсетілген құжаттардың түпнұсқаларымен растау факс/электронды нұсқасын алған күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде міндетті болып табылады.

17.4. Өнім беруші осы Шартқа қатысы бар ақпарат электронды түрде басты компания «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ талаптарына сәйкес «QazCloud» ЖШС «Деректерді өңдеу орталығында» (ДӨО) орналастырылуына келісім береді.

18. Тараптардың заңды мекенжайлары және банк деректемелері

"Үлбі металлургиялық зауыты" АҚ	_____
Шығыс Қазақстан облысы, Өскемен Қ.Ә., Өскемен қ., Абай даңғылы, 102	_____
	_____
БСН 941040000097	БСН _____
БСК HSBKKZKX	БСК _____
ЖСК KZ756010151000014503	ЖСК _____
АО “Народный Банк Казахстана”	_____
Тел.: +7 (723) 229-8123	Тел.: _____
_____ _____	_____ _____

Осы құжат Қазақстан Республикасы Цифрлық кодексінің 62 бабының 2 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей

Данный документ согласно пункту 2 статьи 62 Цифрового кодекса Республики Казахстан равнозначен документу на бумажном носителе

Шарттың №1 қосымшасы

Сатып алынатын тауарлардың, жұмыстардың және қызметтердің тізбесі

жолдың РБ №	Аталуы және қысқа сипаттамасы	ТЖҚЖС санаттың атауы	Қосымша сипаттама	Жалпы саны	Саны	Өлшем бірлігі	Бірлік бағасы	ҚР ҚҚС белгісі	Сомасы	Жеткізу орны	Жеткізу шарттары	Жеткізу мерзімі	Төлем шарттары
490-6 Т	Оттек, газ құрылған, ерекше жиілікті	Оттек	Жалпы сипаттамалар: ПГС ерекше тазалықтағы газ тәрізді оттегі 100%	8.000	8.000	Литр (куб дм.)	33 500		268 000	ҚАЗАҚСТАН, Шығыс Қазақстан облысы, Өскемен Қ.Ә., Өскемен қ., г.Усть-Каменогорск, Проспект Абая, 102	DDP	Шартқа қол қойылған күннен бастап 60 күнтізбелік күні	Алдын ала төлем - 0%, Аралық төлем - 0%, Соңғы төлем - 100%

Осы құжат Қазақстан Республикасы Цифрлық кодексінің 62 бабының 2 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей

Данный документ согласно пункту 2 статьи 62 Цифрового кодекса Республики Казахстан равнозначен документу на бумажном носителе

Құжат «Самұрық-Қазына» АҚ сатып алу веб-порталымен құрылған
Документ сформирован веб-порталом закупок АО «Самрук-Қазына»

Шарттың №2 қосымшасы

Техникалық сипаттама

Баға ұсынысына сұранымы құжаттамасының пакетінің құрамындағы техникалық сипаттамаға сәйкес.

Осы құжат Қазақстан Республикасы Цифрлық кодексінің 62 бабының 2 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей

Данный документ согласно пункту 2 статьи 62 Цифрового кодекса Республики Казахстан равнозначен документу на бумажном носителе

Құжат «Самұрық-Қазына» АҚ сатып алу веб-порталымен құрылған
Документ сформирован веб-порталом закупок АО «Самрук-Қазына»

Шарттың №3 қосымшасы

Тауарларды жеткізу жөнінде шартта елішілік құндылық үлесін болжамды/нақты есептеу

_____ жылғы №_____

№ р/с	Жеткізуші	ТЖҚ БНА коды *, Сатып алынған тауарлардың аталуы және қысқа сипаттамасы	ТЖҚЖС коды, ТЖҚЖС санаттың атауы	МӨБЖ сәйкес өлшем бірліктердің коды	Сатып алу көлемі		Қазақстандық тауар өндірушілер тізілімінен үзінді						Тауардың шыққан елінің коды	Тауарда елішілік құндылықты, теңгемен	Шартта елішілік құндылықты, %
					5-бабы бойынша өлшем бірлігінде	ақшалай мәнде	Тіркеу нөмірі	Өндірілетін қазақстандық тауардың атауы	Заңды тұлғаның/дара кәсіпкердің атауы	Тауар өндірушінің БСН/ЖСН	Қазақстандық тауар өндірушілердің тізіліміне енгізілген күні	Елішілік құндылық үлесі			
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11	12	13	14	15 (7*13/100%)	16 (∑15/∑7*100 %)
														0,00	x
						0,00								0,00	0,00%

Ескерту:
3. Бірыңғай номенклатуралық анықтамалық бойынша тауар коды (ТЖҚ БНА). Қол жетімді: http://www.enstru.skc.kz/. қазақстандық тауар өндірушілер тізілімінен үзінді көшірмеде (бар болса) ТЖҚ БНА кодына сәйкес келуге тиіс.
8. Тіркеу нөмірі. Мысал: 20003886.
9. Қазақстандық тауар өндірушілер тізілімінен үзінді көшірмеге сәйкес өндірілетін тауардың атауы.
10. Заңды тұлғаның/дара кәсіпкердің атауы.
11. Тауар өндірушінің БСН/ЖСН (жеткізушінің БСН/ЖСН міндетті түрде сәйкес келмейді).
12. Қазақстандық тауар өндірушілердің тізіліміне енгізілген күні. Мысал: 25.03.2026.
13. Қазақстандық тауар өндірушілер тізілімінен үзінді көшірмеде көрсетілген тауардағы елішілік құндылық үлесі (%). Үзінді болмаған жағдайда 0-ге тең.
14. Елдердің жіктеуішіне сәйкес тауардың шығарылған елінің коды.
Елішілік құндылық үлесі ҚР өнеркәсіп және құрылыс министрінің 27.08.2025 ж. № 327 бұйрығымен бекітілген Қазақстандық тауар өндірушілердің тізілімін жүргізу қағидаларына сәйкес есептеледі.

Осы құжат Қазақстан Республикасы Цифрлық кодексінің 62 бабының 2 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей

Данный документ согласно пункту 2 статьи 62 Цифрового кодекса Республики Казахстан равнозначен документу на бумажном носителе

Құжат «Самұрық-Қазына» АҚ сатып алу веб-порталымен құрылған
Документ сформирован веб-порталом закупок АО «Самрук-Қазына»

Договор о закупке товаров №_____

г._____ «__»_____2026 г.

АО "Ульбинский металлургический завод", именуемое в дальнейшем «Заказчик», в лице _____ _____, действующего на основании _____, _____ с одной стороны, и _____ именуемое в дальнейшем «Поставщик», в лице _____ _____, действующего на основании _____, , с другой стороны, совместно именуемые «Стороны», а по отдельности как указано выше «Сторона», в соответствии с Порядком осуществления закупок акционерным обществом «Фонд национального благосостояния «Самрук-Қазына» и юридическими лицами, пятьдесят и более процентов голосующих акций (долей участия) которых прямо или косвенно принадлежат АО «Самрук-Қазына» на праве собственности или доверительного управления (далее – Порядок), и на основании _____ _____, заключили настоящий договор о закупке товара (далее – Договор) и пришли к соглашению о нижеследующем. Поставщик, подписывая настоящий Договор подтверждает, что: • является субъектом предпринимательства созданным и действующим в соответствии с законодательством; • отсутствуют какие-либо ограничения, запреты для подписания настоящего Договора; • оценил и идентифицировал все свои предпринимательские риски перед подписанием настоящего Договора. • ознакомлен с Порядком и согласен с нормами Порядка влияющими на исполнение настоящего Договора.

1. Предмет Договора

1.1. Поставщик обязуется поставить и передать в собственность Заказчика товары по ценам, параметрам и другим условиям, указанным в Договоре (далее - Товар), а Заказчик обязуется принять и оплатить Товар на условиях настоящего Договора при условии надлежащего исполнения Поставщиком своих обязательств по Договору.

1.2. Товар, поставляемый по настоящему договору, должен быть новым, неиспользованным.

1.3. Перечисленные ниже документы и условиях, оговоренные в них, образуют настоящий Договор и являются его неотъемлемой частью, а именно:

1.3.1. Договор.

1.3.2. Перечень приобретаемых Товаров, работ и услуг (Приложение № 1).

1.3.3. Техническая спецификация (Приложение № 2).

1.3.4. Прогнозный/фактический расчёт доли внутристрановой ценности в Договоре на поставку Товаров (Приложение № 3).

1.3.5. Анкета контрагента (предоставляется Поставщиком в электронном формате или на бумажном носителе) (Приложение № 4).

1.3.6. Форма Анкеты – опросник ESG (предоставляется Поставщиком в электронном формате или на бумажном носителе) (Приложение № 5).

1.3.7. Перечень предметов и веществ запрещённых к несанкционированному вносу (ввозу) на охраняемую территорию АО «УМЗ» (Приложение № 6).

1.3.8. Для договоров, заключаемых с нерезидентами Гарантии соответствия санкционным ограничениям (Приложение № 7).

